
Уақыт талабына сәйкес
3-бет


Мазасыз кісі
4-бет


Адам кейпіндегі ән
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **25 ҚАҢТАР**, 2024 ЖЫЛ **№10 (23 332)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz


● САЛЫҚ

## Электронды төлем тығырыққа неге тірелді?

**Жыл басталғалы көптеген қазақстандықтар әлеуметтік желі бетінде кейбір тауар мен қызмет ақысын саудагерлер тек қолма-қол төлем жолымен талап етуін тіксіне қабылдады. Шағым да көбейген. Мәселенің мәнісіне тереңірек үңіліп көргенді жөн санадық.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

### Өткенге оралу

Анығында қолма-қол ақшаға қайта оралудың негізгі себебі – Мемлекеттік кірістер комитеті жеке тұлғалар арасындағы мобильді аударымдарды бақылауды күшейте түсуі. Яғни, кәсіпкерлік қызметтен түсетін кіріс көзін көлеңкеден шығару мақсаты тұр. Бірақ, осы жағдайда да салық салу тәртібі түбегейлі өзгермейді. Бажайлап қарасаңыз, жекелеген аударым үдерісіне бұдан бұрын да салық салынбағаны аян. Салынбайды да. Ал, кәсіпкер табысына салық салынатыны бесенеден белгілі. Тек бақылау амалы үдеген. Өзгергені – сол ғана. Егер де кез келген кәсіпкер төлемді аударым операциясы арқылы іске асырып, салық төлеуден жата жастанып жалтаратын болса, соңыра айыппұлдың ауылына ат басын тірейтіні – айдай ақиқат.

– Мәселе мынада: әр банк өзінің жүйесіндегі мобильді аударым операциясы бойынша ақпарат кестесін құзырлы мекемеге ұсынады. Қолға түскен мағлұмат легі заңсыз кәсіпкерлік айла-шарғысының бар-жоғын бақылайды. Егер де үш ай ішінде түрлі тұлғалардан 100 аударым түскен болса, күдік күшейеді. Өйткені, мұншама аударым әрекетін қатардағы кісі іске асыра қоюы неғайбыл. Осы тұстан келіп, демек, әлдекім қандай да бір бизнес түрімен айналысатыны расталса, ол салық органдарында тіркелуі міндетті болады. Ал, жеке кәсіпкер болса, онда кірісті төмендету мәселесі қарастырылады. Әрбір нақты ресми тіркелген жағдай жекелеген тәртіпте қарастырылып, бүге-шігесіне дейін анықталады, – деп түсіндірді жеке тұлғалардың табыстарын жалпыға бірдей декларациялау және әкімшілендіру басқармасы басшысының орынбасары Ерқанат Шынберген.

### Сауалына – жауабы

Осындайда қарапайым адамның «Олай болған күнде, мобильді аударым алабөтен күдік тудырмауы үшін қайтпек керек?» деген тосын сауалын қарастыралық. Мұнымызға Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілдері бақылау шаралары адал салық төлеушілерге әсер етпейді деп сендірді. Жеке тұлға өзінің дербес мақсаты үшін аударым жасап, қабылдай да алады. Мәселен, туысына, досына жолдаған аударым легі, яки, ата-ана мен бала-шағаға көмек, өзге де өмірлік жағдай делік. Мұндай аударымдар кезегі кәсіпкерлік қызмет деп әсте танылмайды. Және ондай жандарға салық салынбайды. Декларациялаудың да қажеті жоқ. Өйткені, осы сынды бірыңғай жайттар жеке тұлғаның кірісіне жатпайды. Есте сақтау керегі, ең бастысы, мобильді аударымды тек жеке мақсатқа пайдалануға болады. Бірақ, тауарлар немесе көрсетілген қызметке ақы төлеуге шек бар.

### Жүзден астам аударым нені аңғартады?

Қош, мақұл делік. Түпкі ниет түрлі болғанымен, алым-салық албарына онда кімдер ілігетінін біз қайдан білеміз?! Орынды сауал. Шетінен сетінеп шешіле берсін деген ұйғарыммен бұған да жауап іздеп көрелік. Салық кодексіне енгізілген түзетулерге сәйкес, фискалдық органдардың назарын үш ай қатарынан түрлі тұлғалардан 100-ден астам аударым келіп түсетін азаматтардың жеке шоттары күмән туғызары сөзсіз. Қоғамдағы кез келген көлденең ақпар тұрғындарды әжептәуір сарсаңға салып қоятыны әредік кезігіп жатады. Жалпылама жұрттың мобильді аударымы үшін салық мекемесінің тексерісі кім-кімге болсын ұнамауы рас. Ал, іс жүзінде бәрі өте қарапайым.



Коллаж Ш.Адамбекова


7-бет


● ДЕНСАУЛЫҚ

## Қызылша белгісі – бөртпе

**Қызылша – вирустық инфекция. Оны денеге шыққан бөртпе арқылы білуге болады. Бұл ауру – өте жұқпалы. Ауа арқылы таралады және бірнеше аптаға созылады. Елде қызылшаға байланысты қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға қатысты мамандар ауру белгілері байқалса, дәрігерге жүгінуе және қарсы көрсетілімдері болмаса, екпе алуға кеңес береді.**

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қызылша жұқтырған бала инкубациялық кезеңнің соңғы екі күнінде, катаральды кезеңде (3-4 күн) және бөртпелердің төртінші күніне дейін, яғни, 9 күн ішінде басқаларға жұқтырады. Алғашқы үш күнде қызылша респираторлық инфекция түрінде көрінеді. Дене қалтырап, басы ауырады. Жөтел пайда болады, мұрыннан су ағып, тамағы ауырады. – Бұл кезде суық тию белгілеріне ұқсас, – дейді Қарағанды қаласының №5 емханасының дәрігері Жұпар Құлболатова. – Алғашқы 3-5 күнде қызылшаның белгілері көрінеді. Бала тез шаршайды және дене температурасы аздап көтерілуі мүмкін. Бұл кезеңде қызылшаның негізгі симптомы – науқастың аузында тістердің түбінде ерекше бөртпе пайда болады. Ол ертерек диагноз қойып, ертерек оқшаулауға мүмкіндік береді. Қызылша жұқтырған балаларда жөтел жиілеп, дене қызуы біртіндеп 40 градусқа жетуі мүмкін.


Сурет ашық дереккөзден

Оның айтуынша, қызылшамен сырқаттанған 1 жастағы балаларда қызылша бірден байқалмайды. Бірақ баланың іші өтіп, құса бастайды. Аурудың асқынуы ауыр салдарға алып келуі мүмкін.

– Қызылша бөртпесі бастапқыда құлақтың артында және шаштың өсу аймағында бас терісінде пайда болады, кейін бетке, мойын аймағына және кеудеге таралады. Науқастың саусақтары, аяғының төменгі бөлігіне шығады. Өңі бозарады. Денедегі бөртпелер балаларға қарағанда ересектерде анық білінеді. Аурудың шарықтау кезі – осы бөртпелердің пайда болған кезі. Вирустың ең ауыр кезеңі де осы сәтте жүреді. Науқасты тексеру кезінде артериялық гипотензия, тахикардия, бронхит немесе трахеобронхит белгілері анықталуы мүмкін. Сол себепті науқастың жағдайын асқындырмай, дер кезінде дәрігер көмегіне жүгіну керек, – дейді Жұпар Сабырқызы.

Жалпы, ауруды анықтау үшін дәрігер науқасқа сараптама жасатады. Баланың қан сарысуындағы қызылша вирусына антиденелерді анықтау қажет. Дәрігердің айтуынша, қызылшамен ауырған балалар көбінесе үйде емделеді. Егер науқастың жағдайы ауырласа ғана ауруханаға жатқызылады.

– Бір жасқа дейінгі балалар міндетті түрде ауруханада ем алады. Жалпы ауырған баланың гигиена сақтауын қадағалап, дәрумендерге бай сұйықтықты жиі ішкізу қажет. Денедегі бөртпелерге ештеңе жақпау керек. Бөлме температурасында баланы сумен жуындыру жеткілікті. Онда да қызуы басылғаннан кейін ғана, – дейді дәрігер.

Аймақта қызылшамен ауырғандар әлі де тіркелуде. Былтырдан кешегі күнге дейін қызылшаға күдікпен 1504 жағдай тіркелді, оның 1012 жағдайында ауру расталды (67%). Қызылшамен сырқаттанушылықтың тіркелуі вакцинацияланбаған адамдар арасында жалғасуда. Мамандардың айтуынша, ауырғандардың 87%-ы екпе алмаған.

– Жас құрылымында 14 жасқа дейінгі балалар басым. Олардың үлесі – 66%. Олардың жартысынан көбі – 5 жасқа дейінгі балалар. Жыл басынан бері 408 жағдай тіркелді, оның жартысы, яғни, 207-сі расталды. Қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациямен қамтудағы олқылықтарға байланысты сырқаттанушылықты тіркеу облыстың барлық аумағында байқалады. Екпе алмағандар салдарынан тұрғындар арасында инфекцияның тез таралуына ықпал етеді. Қызылша өте жұқпалы болғандықтан, қызылшамен ауырған науқастармен байланыстағы екпе алмаған және бұрын ауырмаған адамдардың барлығы дерлік ауруға шалдығады, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанова.

Гүлжан Жақтайқызы аурудан қорғаудың жалғыз жолы вакцинация екенін айтады. Аймақта қызылшаға қарсы қосымша иммундау әлі де жүргізілуде.

● БРИФИНГ

## Көмір тасымалына кедергі жоқ

**Бұдан бірнеше жыл бұрын бұқара халықтың көмір тасымалына едәуір наразылығы бар болатын. Күн суытып, аяз бір жақта қысса, көмірдің тапшылығы мен тым жоғары бағасы өңір жұртшылығын әжептәуір әбігерге салатын-ды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен кезекті брифингте облыстық өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Дарын Бейбітұлына көмір тасымалына қатысты сауалымызды жолдаған едік.**


Сурет ашық дереккөзден

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында көмір тасымалдау құр отынды тасымалдау ғана емес, сонымен қатар өңірдің өмірі мен дамуын қолдайтын үйлесімді жүйе. Көмір энергетикалық ландшафтта маңызды рөл атқарып қана қоймай, аймақтық бастамалар энергияға деген қажеттілік пен қоршаған ортаға деген қамқорлық арасындағы тепе-теңдікті сақтауға соны мүмкіндік береді. Спикер сауалымызға төтесінен жауап қатты.

Коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы көмірдің экспортқа жөнелту жайттары кемітіліп, көмірді экспорттаған өңірлік операторлар алынып тасталды. Нәтижесінде көмірдің өсімі 61 мың тоннаны құрады. «Шұбаркөл Көмір» көмір алып кету пунктінің жабылуына жол берілмеді. Осакаровка мен Жарық станциясында төмендетілген бағамен қосымша көмір жөнелту пункттері ашылды. Бұл Қарағанды қаласында сату нүктесін артық жүктемеден босатты. Бұқаралық ақпарат құралдарында әрі интернет-ресурстарында көмірді алдын ала сатып алу туралы кең ауқымды ақпарат акциясы өткізілді. Көмір сапасына қатысты мәселе туындаған кезде әрекет ету алгоритмі пысықталды.

– Халықты көмірмен қамтамасыз ету мәселесіне келсек, біз асығыс сұраныс пен ұзынсонар кезекке жол бермейтін бірқатар шараларды қабылдадық. Бұған дейін тұрғындардың негізгі сұранысы «ХМК» ауданындағы көмір сату орнында болатын. Жүк автокөліктерінің кезегі орын алатын. Қабылданған кешенді шара мен жүргізілген тиянақты түсіндіру жұмыстарының арқасында сұраныс көмір сатудың екі қосымша нүктесіне қақ бөлінді. Бірі – Верещагин көшесі 1/1 мекенжайындағы «ПСВ-86» ЖШС болса, екіншісі – Камская 2/2 көшесіндегі «TradeExport KZ» ЖШС, – деді ведомство басшысы.

● КЕҢЕС

# Облыс орталығын дамытудың орасан игілігі

**Қарағандыда екі мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылуы тиіс. Бұл кәсіпкерлік бастамаларды қолдап, инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, биыл қалада үшінші жылу таратқыш іске қосылады. Бұл жаңа тұрғын үй және бизнес нысандарын жылу энергиясымен қамтамасыз ету үшін қажет. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыс орталығын дамыту бойынша өткен кеңесте бірқатар мәселеге тоқталды.**



Сурет облыстық әкімдік сайтынан алынды

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қарағандыны дамытуда инфрақұрылымды үйлестіріп, желілердің, көліктің жоғары тозуына байланысты мәселені шешіп, экологияны жақсарту қажет. Басты міндеттің бірі – тұрғындарды жұмысқа орналастырып, қалада екі мыңға жуық жаңа жұмыс орнын ашу. Бүгінде қала бойынша үй кезегінде 19 мыңнан астам адам тұр. Биыл 350 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарда, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы газдандыру қарқынының төмендігін атап өтті. Қазіргі таңда орталықтандырылған көгілдір отынға қосылуы тиіс алты мың абоненттің тек екі мыңы қосылған. Биыл жаңа іске қосу кешендерінің құрылысы жоспарлануда. Үйлерді газға қосуда пайызсыз несие беру жалғасады.

Сондай-ақ, орталықтандырылған сумен жабдықтауға 100 пайыз қолжетімділікті қамтамасыз ету де жоспарда. Бүгінде 5 мыңнан астам қарағандылық бұл қызметті алмай отыр. Осы орайда облыс әкімі Космонавттар, Камская, Гудермесская көшелерінде, сондай-ақ Үлкен Михайловка станциясында, Майқұдық, Пришахтинск аудандарында, оның ішінде, Жаңа Тихоновка, Сұрыптау аудандарына су құбыры желілерін салу жөнінде тапсырма берді.

– Жобаларды биыл бастау керек. Биыл Шахтерский ауылын жылуға қосу қажет. Новоузенка тұрғындары үшін де жылу мәселесін шешу маңызды, – деп атап өтті өңір басшысы.

«Қарағанды Су» ЖШС коллекторларының жағдайына назар аударған аймақ басшысы орын алған апаттарға тоқталды. Жағдайды шешу үшін іс-қимыл жоспарын қабылдауды міндеттеді.

Әлеуметтік саладағы міндет – жаңа мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарын салу. Биыл Қарағандыда төрт жаңа мектеп пайдалануға берілмек. Пришахтинскіде де шығармашылықты дамыту орталығы ашылады. Облыс әкімі осыған ұқсас жобаны Майқұдықта дайындауды тапсырды.

Сондай-ақ, Қарағандыда 25 мыңнан астам мүгедек адам тұратынын ескерген облыс әкімі оларға жұмыс іздеуде көмектесуді тапсырды. Қолжетімді ортаға қатысты мәселелерді шешу қажеттігін баса айтты.

Кеңес отырысында Қарағандыны дамытуда әлеуметтік нысандар мен қоғамдық орындарды жарықтандыру мәселесі сөз болды. Қала әкімі Мейрам Кожухов биыл мың жарықтандыру тірегін орнату жоспарда екенін айтты.

– Биылға мектеп, аурухана, әлеуметтік маңызы бар нысандарға мың жарық тірегін орнату жоспарда. Қала орталығы жарықтандырылды, шалғайдағы көшелерге кірісеміз, – деді қала әкімі.

Мейрам Кожуховтың сөзіне сүйенсек, облыс орталығын одан әрі абаттандыруда Бұқар жырау даңғылындағы тротуарларды қайта жаңарту жалғасады. Ыңғайлы жаяу жүргіншілер аймағы Назарбаев даңғылында да жабдықтала бастайды.

– Оңтүстік-Шығыста Сарыарқа гүлзары мен Алаш аллеясының құрылысы жоспарлануда. Әлихан Бөкейхан ауданында Сталелитейная көшесінде, Байжанов атындағы көшеде – ЖБИ ауданында, Күзембаев атындағы, «Ғасыр» ауданында, сондай-ақ, Пришахтинск ауданындағы №32 мектептің алдында гүлзарлар жабдықталады. Сәулет көшесінде жаңа қоғамдық кеңістік пайда болады. Жаңа Майқұдық Мәдениет үйі алдындағы аумақ абаттандырылады. Болашақта Әлихан Бөкейханға ескерткіш орнатылады, – деді Мейрам Кожухов.

Қала басшысының айтуынша, биыл К.Станиславский театрының алдындағы алаңды ретке келтіру жұмыстары басталады. Жобада баспалдақтар мен тіреу қабырғаларын реконструкциялау, демалыс аймақтарын жайластыру, аялдама павильонын ауыстыру көзделген.

Сондай-ақ, Аппақ Байжанов ескерткішінің алдындағы алаң абаттандырылады. Жеңіс саябағына ардагерлерге арналған естелік белгі орнатылады.

# Мемлекеттік тілге сұраныс артып келеді




**Қазіргі таңда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру бағытында қоғам тарапынан талап артып, жұмыс күшейіп келеді. Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде облыста жоспар әзірленіп, негізгі бағыттар анықталған.**

**Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын төрағалық еткен алқалы жиында мемлекеттік қызметшілердің тілдерді оқу курстарына қатысуы талқыланды. Ономастика мәселесі сөз болды.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың тілдерді дамыту басқармасының басшысы Салтанат Әбеуованың айтуынша, тұжырымдаманың тіл үйрету әдістемесін жетілдіру бағытында облыстағы 6 оқыту орталығы мен 8 оқыту курсы жылына 3 жарым мыңдай адамды қазақ тіліне, 2 мыңға жуық адамды ағылшын тіліне оқытады. Қазақ тілін оқыту курстары 2 бағытта жүреді. Осы уақытқа дейін тілдерді дамыту жөніндегі басқарма тарапынан 560 адам қазақ тілінде оқытатын 3 айлық курстан өткен. 2024 жылы 575 адам қамтылмақ.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, қазақ тілі курсынан мемлекеттік қызметшілердің 248-і, ал, ағылшын тілі курсынан 149-ы өткен. Өткен жылдың қорытындысы бойынша жалпы облыс аумағындағы жергілікті атқарушы органдардың шығыс құжаттарының саны – 205 245-ті құрады. Оның ішінде мемлекеттік тілде рәсімделгені – 198 101. Ал, ішкі құжаттардың жалпы саны – 19 418 болса, мемлекеттік тілдегісі – 19 262.

Ал, ономастика мәселесіне келсек, облыс бойынша былтыр 8 елдімекен, 97 құрамдас бөлік атауы өзгертілген. Идеологиялық тұрғыдан көнерген әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша атаулар 43-ке, құрамдас бөліктер бойынша 439-ға азайған. Сондай-ақ, 18 білім беру мекемесіне атау беру жөніндегі ұсыныстар республикалық ономастика комиссиясына жолданған.

– Ономастика саласында әлі де атауларын өзгертуді қажет ететін мекемелер, әкімшілік аумақтың бірліктер мен құрамдас бөліктері бар. Мысалы, қалалық полиция басқармасына қарасты Киров, Михайлов, Октябрь полиция бөлімшелері идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар санатына жатады. Ә.Бөкейхан және Қазыбек би аудандары аумақтарында орналасқан полиция бөлімшелерінің атауына қатысты облыстық полиция департаментіне ұсыныс хат жолданған. Мәселені шешу ІІМ-нің құзырында, – деді Салтанат Әбеуова.

Басқарма басшы облыс бойынша әлі де өзгертуді қажет ететін әкімшілік-аумақтар бар екенін айтты. Олардың атаулары өзге этнос өкілдері жиі шоғырланған Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Саран қаласы мен Осакаров, Бұқар жырау, Абай ауданына тиесілі. Аталған өңірлерде атау өзгерту жұмыстарын тұрғындар өткір қабылдайтындықтан, түсіндіру жұмыстары қоғам белсенділері мен зиялы қауым өкілдерін тарта отырып жүргізілмек.

Сондай-ақ, басқарма мамандары елдімекен мен көшелерге не болмаса мекемелерге кісі есімін беруге сұраныстың көптігін атады.

– Президент әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес, елдімекендерге кісі есімі мүлдем берілмейтінін назарға алу керек. Тарихи тұлғалар тізіміне қатысты ұсыныстарға шектеу бар, – деді Салтанат Мірәсілқызы.

Жиында Ерлан Құсайын ономастика мәселесіне мұқият қарауды тапсырды. Жұмыстарды тиімді жүргізуде халық арасында атау өзгерту бағытында бірлескен іс-шаралар кешенін қолға ала отырып, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

– Жұмыстарды қала-аудан бөлімдеріндегі бір маманның айналысуымен жүзеге асыру мүмкін емес. Ономастика саласына қатысты ауқымды жұмыстар қоғамдық кеңестер, тиісті салалық басқармалармен бірлесе атқарған іс-әрекеттер нәтижесінде ғана тиімді жүзеге аспақ. Сондай-ақ, жергілікті тұрғындардың пікірін ескеру – маңызды, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Жиында көрнекі ақпарат аясындағы мәселелер сөз болды. Тілдерді дамыту басқармасы тарапынан «Көрнекі ақпарат пен жарнаманы біріздендіру» әлеуметтік жобасы аясында 13 571 нысаннан 5 309 кемшілік анықталған. Кәсіпкерлік нысандарға тіл заңнамалары мен байланыс деректері көрсетілген ақпараттық парақшалар таратылған.

Көрнекі ақпарат мәселесінде облыс әкімінің орынбасары қаланың орталық көшелеріндегі LED экрандардағы бейнероликтер мен жарнамалардың мемлекеттік тілдегі үлесіне баса назар аударуды тапсырды.

– Орталық ірі сауда үйлері, тамақтандыру орындары, жолаушылар тасымалдау бекеттерінде мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін әлі де жетілдіру қажет. Халық көп шоғырланатын мәдени орындарда күнделікті қазақ тілінде қысқаша жаңалық, әуендер беріліп тұрса мемлекеттік тілімізді насихаттаудың тиімді тетігі болмақ, – деді Ерлан Құсайын.

Облыс әкімінің орынбасары сауда орындарындағы тауар чектері көбінесе орыс тілінде берілетіндігіне тоқталды.

– Осындай келеңсіз жағдай «Luxe oil» және «ГазОйлПром» жанар-жағармай құю станцияларында және «Pazl» бизнес орталығында орын алды. «Samadi» сауда шағын маркетінде сатушы мен сатып алушы арасында мемлекеттік тілде қызмет көрсетпеуі, «Гелиос» жанар-жағармай құю станциясы мен «Норма» супермаркеті фискалды чек, «Горкомтранс», «Теплотранзит Караганда» ЖШС тұтынушыларға таратылатын хабарландырулар мемлекеттік тілде ұсынылмағандығы жөнінде өтініштер түсті, – деді басқарма мамандары.

Мамандардың айтуынша, мекеме басшыларына ресми хат жолданып, тіл жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Алайда, аталған мәселеде тиісті мекемелердің бірлескен ықпалы қажет.

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# Басты бағыт – еңбек құқықтарын қорғау

**Мемлекеттік еңбек инспекциясының қызметі қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, сақтау және қорғау, заңдылық, объективтілік, тәуелсіздік және жариялылық қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.**

Мемлекеттік еңбек инспекциясының негізгі міндеттері Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан, еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясат қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және мемлекеттік деңгейде тұжырымдамалық құжатты қолданысқа енгізуге бағытталған, еңбекті қорғаудың басымдығы мен стратегиялық маңыздылығын растайды және тұтастай алғанда, қауіпсіз еңбекті лайықты еңбектің негізгі факторы ретінде жариялайды. Қарағанды облысы еңбек инспекциясы басқармасына былтыр жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын бұзу фактілері бойынша азаматтардан 3569 өтініш (2022 жылы – 3637) түсті. Өңір кәсіпорындарында 725 тексеру (2022 жылы – 718 тексеру) жүргізілді, 405 (2022 жылы – 509) бұзушылық анықталды. Бүгінгі таңда барлық бұзушылықтар жойылды. Мемлекеттік еңбек инспекторларының актілерінің (жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы нұсқаманың) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті күші болады.

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша 106 заңды және лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, салынған айыппұлдың жалпы сомасы 17,6 млн. теңге (2022 жылы – 20,2 млн. теңге). Оның ішінде 16 млн. теңге өндіріп алынды.

2023 жылы 130 жазатайым оқиға орын алды (2022 жылы – 153 жазатайым оқиға). Онда 233 адам зардап шекті, бұл 2022 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 29%-ға артық (2022 жылы – 180 адам), оның ішінде, қайтыс болғаны – 66 адам (2022 жылы – 28 адам).

Жазатайым оқиғалардың басым бөлігі «Qarmet» АҚ (бұрынғы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ), «Теміртау электр металлургия комбинаты» АҚ, «Шұбаркөл көмір» АҚ сияқты ірі кәсіпорындарда тіркелген. Жүргізілген талдау жазатайым оқиғалардың негізгі себептері жабдықты жаңғырту бойынша жұмыстың жеткіліксіздігі болып табылатынын көрсетеді. Жерасты бейнебақылау жүйесін цифрландырудың қарқыны төмен, 8 шахтаның тек екеуінде. Жазатайым оқиғалардың көбі 3 жылға дейін жұмыс өтілі бар қызметкерлер арасында (42%) сонымен бірге, 55 жастан асқан қызметкерлер арасында (57%) болады. Барлық жұмыс берушілер міндетті, мерзімді медициналық тексерулерді және қызметкерлерді ауысым алдындағы медициналық куәландыруды жүргізе бермейді. Өндірістік жарақаттану фактілерін жасыруды болдырмау үшін облыстың денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп, ай сайын медициналық мекемелерге келіп түскен өндірісте зардап шеккен пациенттер бойынша жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар, ай сайынғы негізде Қарағанды облысының полиция департаментімен жұмыс берушілерге қатысты қабылданған шаралар бойынша жұмыс жүргізілуде.

Өндірістік жарақаттануды төмендету 2025 жылға дейінгі қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспары аясында жүзеге асырылады. Өндірістік жарақаттанудың өсуіне жол берген кәсіпорындар профилактикалық бақылауға енгізіледі.



2023 жылы 12 кәсіпорында профилактикалық бақылау жүргізілді.

Өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету бойынша жағдайды жақсарту үшін, сондай-ақ кәсіби тәуекелдерді басқарудың қазіргі заманғы жүйесін енгізу мақсатында облыстың 162 ірі кәсіпорны еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша халықаралық және ұлттық стандарттарын (OHSAS 18001, ХЕҰ-СУОТ) енгізді, 94 кәсіпорын 35 кәсіпорында «Нөлдік жарақаттану-Vision Zero» тұжырымдамасына қатысады «Халықтық бақылау» жобасы енгізілді.

Еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастыру үшін кәсіпорындарда техникалық инспекторлардың қатысуымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі 1140 өндірістік кеңес құрылды. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларының нақты жай-күйін бағалау және олар бойынша еңбекті қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүргізу мақсатында өндірістік объектілерді аттестаттау жүргізіледі. 415 өндірістік нысан аттестатталды.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында облыс кәсіпорындары кезең-кезеңімен электрондық форматқа көшеді, жерасты бейнебақылау жүйесін пайдаланады. Кәсіпорындардың қызметін ынталандыру мақсатында «Сенім сертификаты» беріледі.

Еңбек дауларының туындауының ықтимал тәуекелдерін анықтау мақсатында еңбек ұжымдарындағы жағдайға тұрақты бақылау және олардың экономикалық қызметіне мониторинг жүргізіледі. Әлеуметтік медиа мониторингісі, әлеуметтік және басқа да аударымдар бойынша берешекті талдау жұмысы, еңбек инспекциясының жедел желісі жұмыс істейді. 2023 жылы Қарағанды облысының аумағында ұжымдық еңбек даулары тіркелген жоқ.

2023 жылдың I тоқсанында кәсіпорындар бойынша берешек 770 млн. теңгеден астам болды. Атқарылған жұмыстың нәтижесінде 2615 қызметкерге 780,2 млн. теңге сомасындағы жалақы берешегі өтелді. 2024 жылғы 10 қаңтардағы жағдай бойынша 13 қызметкердің алдындағы 2,7 млн. теңге сомасындағы жалақы бойынша берешек сақталып тұр.

Қызметкерлердің талаптарын реттеуде келісу және татуластыру комиссияларының маңызды рөлін атап өткен жөн. Осыған байланысты еңбек даулары туындаған жағдайда, қолданыстағы заңнама шеңберінде, қызметкерлер жұмыс берушіге жүгінуге құқылы, олар өз кезегінде дауды қарауға және қабылданған шешім туралы қызметкерді хабардар етуге міндетті.

Ұжымдық шарттар ерекше рөл атқарады, ұжымдық шарттың нормалары өндірістің салалық ерекшеліктері ескерілетін орталықтандырылған нұсқамаларға қосымша болып табылады және бұл қызметкерлердің жағдайын жақсартуға, әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Биылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мониторингте 5648 ұжымдық шарт бар. Оның ішінде, 132 ірі кәсіпорында, 392 орта және 5124 шағын жұмыс орнында.

Әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, 2023 жылы облыс кәсіпорындарында 366 кездесу өткізілді, онда қауіпсіздік, келісу және татуластыру комиссияларының рөлі және басқа да мәселелер қаралды. Бұқаралық ақпарат құралдарында 57 мақала жарияланды. Бұдан бөлек, әлеуметтік желілерде онлайн тікелей эфирлер өткізудің тиісті кестесін бекітіп, былтыр 15 тікелей эфир ұйымдастырылды. Сонымен қатар, мемлекеттік еңбек инспекторлары маман ретінде сот процестеріне қатысады, қызметкерлерге сотқа талап арыздар дайындауға заң жүзінде көмек көрсетеді. Сот Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының жұмыс берушілер жол берген нормаларын бұзуды анықтаған кезде басқарма жұмыс берушілерге қатысты тиісті шаралар қабылдау туралы жеке ұйғарым шығарады. Қазіргі уақытта «Өзін-өзі тексеру» сервисі іске қосылды. Ол еңбек саласындағы құжаттаманы дайындау процесін жеңілдету үшін әзірленді. Әрбір жұмыс берушіге «Онлайн еңбек консультанты» ақпараттық жүйесінің көмегімен еңбек заңнамасы талаптарының сақталуын өз бетінше алдын ала тексеруден өту мүмкіндігі беріледі.

Құқықтық салдарды болдырмау үшін, жұмыс берушілерді еңбек заңнамасының талаптарын сақтауға және туындаған еңбек дауларын реттеу мәселелерін келісу комиссиясы шеңберінде қарауға шақырамыз.

**Медеу АХМЕТОВ,**
**Облыстық еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы басшысының орынбасары**

● СҰХБАТ

# Уақыт талабына сәйкес

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты кезекті Жолдауында: «Білім беру жүйесі еңбек нарығының сұранысына қарай өзгеріп отыруы керек. Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезілуде. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықтап айналысқан жөн. Оқу орындары түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажет» деп орынды атап өтті. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде осы бағытта қандай жұмыстар жүргізіліп жатқаны туралы бізге Басқарма төрағасы – университет ректорының міндетін атқарушы, PhD кандидаты Айжан Маратқызы Темербаева айтып берген еді.**







**– Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті ел экономикасы үшін негізгі өңдеу өнеркәсібінің көшбасшыларының бірі саналатын кен-металлургия кешенін дамытып жатқан өңірге жоғары білікті мамандар даярлайды. Бүгінгі кадрлар, бәрін болмаса да, көп нәрсені шешеді. Сондықтан да, кадр даярлау деңгейі қандай дәрежеде?**

– Шын мәнінде, Қарағанды облысы Қазақстанның индустриялдық орталығы болып табылады. Бірақ, бұл – аймақта тек кеншілер мен металлургтерге ғана сұраныс бар дегенді білдірмейді. Облыс кәсіпорындарына көптеген салалардың мамандары – машина жасаушылар, энергетиктер, көлік мамандары, құрылысшылар, экономистер мен бағдарламашылар да қажет. Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен жыл сайын біздің оқу орнымыздың дипломы бар жүздеген жас мамандары түрлі мемлекеттік, квази-мемлекеттік, жекеменшік ұйымдардың еңбек ұжымдарын толықтырып отырады.

**– Сіздердің жоғары оқу орындарыңыз дайындаған мамандарға деген сұраныстың жоғары болуының себебі неде?**

– Оның басты құпиясы – Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті білім, ғылым және өндірістің интеграциясын күшейту арқасында өңірдің барлық негізгі өнеркәсіп салаларына сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда.




Бұл интеграция оқу орны базасында 15 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан «Корпоративтік университет» инновациялық-білім беру консорциумы аясында тиімді жүзеге асырылуда. Консорциум бүгінде 70-тен астам ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын біріктіретін болса, олардың ішінде ұлттық тау-кен металлургия кешенінің басты компаниялары: «Qarmet» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, «Соколов-Сарыбай кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ, «Шұбаркөл Көмір» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Nova Цинк», ЖШС, «Maker» ЖШС және басқалары бар.

Консорциум кәсіпорындарында жұмыс істейтін бітіруші кафедралардың 60-тан астам филиалында жүзеге асырылатын оқу процесіне жыл сайын 300-ден астам жетекші өндіріс мамандары қатысады. Кәсіпорындардың бірінші басшыларының келісімі бойынша элективті пәндер каталогтары жыл сайын жаңартылып отырады. Өнеркәсіптік компаниялардың демеушілік көмегі есебінен ЖОО-ның оқу-зертханалық базасы үнемі заманауи жабдықтармен және бағдарламалық кешендермен жаңартылып келеді. Университеттің жұмысшы кәсіптері орталықтарында студенттер қосымша сұранысқа ие мамандықтар бойынша қолданбалы біліктілікке ие болады, бұл олардың штаттық жұмыс орындарында кәсіби тәжірибеден өтуіне және өндірістік жағдайларға тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

Университет ғалымдары кәсіпорындармен бірлесе отырып, инновациялық ғылыми-техникалық жобаларды жүзеге асырады, мамандарды даярлау процесінде оларды кейіннен өндіріске енгізеді. Оқу орнының кәсіпорындармен ғылыми-техникалық ынтымақтастығының негізгі бағыты – өндірісті технологиялық жаңғырту бойынша бірлескен инновациялық жобаларды орындауы. Атап айтқанда, металлургия саласында ыстыққа шыдамды және тозуға төзімді материалдар өндіру және өңдеу, қорытпалар алу, пайдалану қасиеттері жоғары технологиялық жабдықтардың бөлшектері мен қорғаныш жабындыларын дайындау технологиялары әзірленіп, өнеркәсіпке енгізілді. Осындай өзекті әзірлемелері үшін университет ғалымдарының бір тобы ҚР әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Жоғары оқу орнының беделді ғылыми мектептерінің базасында магистратура мен PhD докторантураның 40-тан астам білім беру бағдарламалары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру аясында мамандар даярланады, философия докторы ғылыми дәрежесін беруге арналған диссертациялық кеңестер жұмыс істейді.

**– Оқу-зертханалық базасында және біз білетін әлемдік деңгейдегі өнеркәсіптік серіктестермен цифрлық өндіріс үшін озық мамандарды даярлауда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Бұл процесс жайлы не айтар едіңіз?**

– Цифрлық өндірістің қарқынды дамуына байланысты жаңа және инновациялық білім беру бағдарламалары Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-да индустрияны дамытудың перспективалық бағыттары бойынша икемді және кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағдарланады. 2018 жылдың өзінде оқу орнының «Цифрлық университет» моделіне көшу тұжырымдамасын іске асыру аясында университеттегі қызметтің процестерін толық цифрландыруды қамтамасыз ететін инфрақұрылым қалыптастырылды. Барлық бизнес процестерді бақылау, талдау және басқару жұмыстары бойынша «Upgrade Center» мамандандырылған орталығы құрылды.

Университетте соңғы жылдары TOTAL, FESTO, Schneider Electric, Mitsubishi Electric, Leica Geosystems, Epam Systems және Fluor трансұлттық корпорацияларының қатысуымен құрылған инженерлік құзыреттілік орталықтары, сондай-ақ Cisco Желілік академиясы және IT-құзыреттілік орталығы, «EPAM Systems» R&D-зертханасы, Huawei академияның «ICT» зертханасы, өнеркәсіпті цифрландырудың негізгі бағыттары бойынша ғылыми білім беру кешендері табысты жұмыс істейді.

Ғылыми білім беру кешендері мен құзыреттілік орталықтары әлемдік деңгейдегі жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақталған, бұл болашақ мамандарға халықаралық стандарттар негізінде өнеркәсіптік цифрландырудың өзекті бағыттары бойынша қажетті білім мен дағдыларды алуға, инновациялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға, университеттің өзіндегі Business Skills Park алаңында стартаптар құруға мүмкіндік береді.

**– Көптеген жоғары оқу орындары халықаралық білім беру жобаларына қатысады. Бұл бағытта ҚарТУ қандай жетістіктерге жетті?**

– Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ынтымақтастық туралы шарттар шеңберінде АҚШ, Еуроодақ, Канада, Ресей, Қытай және басқа да елдердің жетекші университеттерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, Erasmus+, SINERGY, ШЫҰ Университеті, Конфуций институты сияқты халықаралық білім беру жобаларына белсенді қатысады. Мәселен, 2006 жылдан бастап, ЖОО «Sinergy» халықаралық ғылыми-білім беру жобасының белсенді қатысушысы болып табылады. Жоба әлемдік көшбасшыларының бірі «Festo» трансұлттық компаниясының (Аустрия, Германия) – «Индустрия 4.0» және 53 елді біріктіретін DAAAM (Аустрия) өнеркәсібіндегі автоматтандыру жөніндегі халықаралық ұйымның қолдауымен орындалады.

**– Ал, сіздерде өңірдің жетекші кәсіпорындарымен серіктестікте жаңа және инновациялық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибесі бар ма?**

– Университет өндірістік серіктестермен бірлесіп, Ғылым және жоғары білім министрлігінің тізіліміне енгізілген өндірістік процестерді, кен ісіндегі, машина жасаудағы, энергетикадағы, телекоммуникациядағы, көліктегі, құрылыстағы және тіпті, медицинадағы цифрлық технологияларды басқару жүйелерін цифрландыруға байланысты ондаған жаңа білім беру бағдарламаларын әзірледі және жүзеге асырады. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ-мен бірлесіп іске асырылатын «IT-медицина» инновациялық білім беру бағдарламасы бойынша 2023 жылы алғашқы түлектері шығарылды.

Университет цифрлық дәуірдегі инженерлік кадрлардағы өндіріс қажеттіліктеріне тез бейімделе алады. Бізде бакалавриат пен бейіндік магистратураның өзекті білім беру бағдарламалары аясында «ЖОО – Кәсіпорын – Білім алушы» үшжақты шарттары ауқымында кәсіпорындардың нысаналы сұраныстары бойынша 1000-нан астам маман даярлау жөнінен айтарлықтай табысты тәжірибесі бар.

ЖОО-ның өңір кәсіпорындарымен осындай нәтижелі әріптестігі және түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары деңгейін қамтамасыз ететіндігі сөзсіз. Соңғы статистикаға сәйкес, ҚарТУ түлектерінің 90%-дан астамы қалаған жұмыс орнына бір жыл ішінде орналасады.

Сөйтіп, Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ұжымының қызметі өңірдің инновациялық өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға және кәсіпорындармен тығыз әрі өнімді әріптестікте жоғары білікті инженерлік кадрларға өндіріс қажеттілігін қамтамасыз етуіне, оның экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

**– Сұхбатыңызға көп рақмет!**

Әңгімелескен
**Николай КРАВЕЦ**

Суреттерді түсірген
**Жұмабек ИМАНӘЛИЕВ**






● ӨЛДІ ДЕУГЕ СИЯ МА, ОЙЛАНДАРШЫ...

# Мазасыз кісі

*(Кәмел достың рухына арнау)*

**Өмір КӘРІПҰЛЫ,**
**жазушы**



Мазасыздықты екі мағынада қарастыруға болады. Бітіріп жатқан түгі жоқ, соған қарамастан, екі иығын жұлып жеп, жау қайдалағандар әр ауылда бар. Сонысына қарамастан, әлгі пысықай жұрт көзіне түскіш. Жора-жолдастың суын табуға келгенде, алдына қара салмай озғындап кетеді. Жиын-жиналыста мінберде құзғын сұңқылға басқанда сай-сүйекті сырқыратады. Сөйтіп жүріп бақай арамдыққа басады. Әне біреу ішіп қойыпты, жеп қойыптығa басады. Өзінің де жемсауы таза емес, бірдеңе-сірдеңені өңешінен өткізіп жіберген. Даурықпаға басқанда ес-түсі қалмайды. «Біздің кісінің арқасында дамыған елу елдің қатарына жеттік» – дегені әсерлі шығып жатады. Бұндайларда ұйқы аз, күлкісі де қожыраңқы келеді. Нағыз мазасыз қазақ осындай-ақ болсын!

Арамыздан кеткеніне жыл толған асыл азаматты еске алғанда, қоғамда өріп жүрген пысықайларды, әпербақан ұрдажықтарды, айқайшылдарды шағын мақалаға кірістіруде қисын бар. Қәмекең жай ғана күйбеңшіл емес, ойсан мазасыз кісі еді. Жоқтан жау, болмастан дау тілегендей күйіппісетін шыдамсыздығы дұшпанға айбар, досқа демесін еді. Мазасыздығы өзіне жарасып тұратын. Қоңыр кескінді, мығым денелі оның сөз саптасы тасты жарып шыққан бұлақ бастауындай көмейінен лық-лық төгіліп жатар еді. Мап-майда жұмсақ үнінде қатқылдықтан да байсалдылық сарыны басым түсіп, даукесті ықтырып жіберер еді. Сондағы оның сөз сарыны: «Біз осы дербес елміз бе? Ел болсақ тілімізді неге түземейміз? Дәстүр-салтымызды, дінімізді неге ұстанбаймыз? Баяғы бағыныштты құлдық психологиядан арылатын уақыт жетті», – дегенге саятын.

Бұл теңсіздікті ол жалындаған жиырма жасында көтерген еді. Ондай ұран біздің өңіміз тұрмақ түсімізге де кірмейтін. Мектепте құлағымызға сіңген: «Ленин ата – біз ұлан, одан туған бақ күнім, сенің нұрлы шұғылаң, бізге әперген шат ғұмыр» – деген тақпақты бертінге дейін ыңылдап айтып жүрдік. Елуінші жылдарда «ЕСЕП» партиясы құрылғаны еміс-еміс құлағымызға жететін-ді. Расы керек, соған мән беріп жатпайтын едік.

Әдебиетке жақындығымнан болар, Бүркіт Ысқақов поэзиясындағы ұлттық сарын мені елең еткізген еді. «Елін сүйген ерлер партиясына» бүйрегім бұра бастаған-ды. Соның әсерімен жазған екі-үш өлеңімді әдебиеттегі ұстазым Асан Жұмаділдинге оқытқанда: «Сенің халықшыл болған неңді алған?», – деп тіке бетіме ұрған еді. Өлең жазғанды қойып кеткенім содан болатын. Прозаны қаузағанда саяси тақырыпқа жоламайтын едім. Кейінде ғой, шетімізден «қайраткер» боп шыққанымыз. Соларың бүгінде жағымпаздықтың жалған ұраншысы боп шықты. Аузы айтқанымен, қолы қимылдамайды. Кәмелдің қолы мен аузы қатар жүретін еді. Отаным деп отқа түскен елжанды азамат сексен төрт жасаған ғұмырында «қайран елім, қазағым» деуден еш жаңылмай кетті.

Ол барынша елжанды азамат еді. Батырға лайық беттілігіне, қайсарлығына баға жетпейтін-ді. Бір бет алған жағынан өлуі бар қайтпайтын. Қазақ халқының абызы Шортанбай жырау ғұмыр кешкен құтты өңірде дүниеге келген Кәмел, бейнелеп айтқанда данагөй жыраудың қоржынынан қалып кеткен асыл жәдігердей көзге ыстық көрінеді. Шортанбай жыраудың рухы демесін деген Кәмел Жүністегі ғұмырының денін жыраудың асыл мұрасын туған халқына қайтаруға жұмсады. Елеусіз қалған жыр дастандарын тірілтті. Тарих шаңдағында қалып бара жатқан әдеби мұрасын қағып-сілкіп қалың елімен қайта табыстырғанын қай көзден жасырамыз. Шортанбай жырауға арнап қалыңдығы екі елі «Соңғы абыз» романын жазды. Романда соңғы абызға байланысты тың дерек молынан. Шортекеңнің кіндік қаны Арқа даласына тамған еді. Кейбір ел ішіндегі білгіштер «Шортанбай Арқада тумаған» деп дау шығарады. Бұл – қате тұжырым. Жыраудың атажұрты Түркістан болғанда, кіндік қаны тамған жері Арқа даласы. Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда мәңгі тынымдаған жырау рухы қазақ елімен бірге жасай бермекші. Шортанбай шығармашылығы тар аяға симайды. Зар заман өкілі боп табылатын жыраудың даналық ойлары бүгінгі ұрпақтың рухани кемелденуіне ықпал ете бермекші. «Қайтсек қазақ боп қаламыз?» деген сұраққа жауапты жырау толғауларынан табуға болады.

Жарықтық Кәмекең ұлы жырау үшін не көріп, не естімеді дейсің! Көп нәрсе ішінде кетті. Шортекең мұрасын заман сүзгісінен өткізіп қайта қалыптауға ақ тер, көк тер болып жүренде: «Шортанбай – сарт, сен де – сартсың» – дейтіндер өзінің ауылдастары еді. Бір жолғы отырыста маған мұңын шағып: «Шортекеңе аудан атын алып беруге атсалыссаңшы» – дегені бар. Бұл – келешектің ісі, Шортанбай жырау аудан атына сұранып тұр. Ерте ме, кеш пе, жүзеге асатын жағдай. Ауылдық аяда, тар шеберде қала берсек, ұлттық рухымыздың жайдақталып кететінін ойлайтын уақыт жетті. Әлеуметтік қиындықтарға байланысты күнкөріс күйбеңімен болып кеткен өтпелі кезеңде ұлттық идеологияның құралы болып табылатын әдебиет пен өнерді шетқақпайға ұшыратып, Шортанбай сынды тұлғаларды ұмыт қалдырудың қисыны келмейді.

Кәмел Жүністегі – әмбебап талант. Оның қаламы өнікті, таланты өрісті болды.

Қазақ даласының бір пұшпағы Шет өңірі – атыс-шабысты көп көрген шерлі өлке. Кешегі ақ пен қызыл шарпысқан алағай-бұлағай кезеңнің шындығын ашып көрсеткен тағы біздің Кәмекең болатын. Отыз екінің (1928-1933 ж) аштығында Шет ауданының қырық мыңға жуық тұрғыны аштықтан қырылып кеткенін, түп қазықта бес-ақ мың қазақ қалғанын нақты құжаттар арқылы дәйектегені былай тұрыпты, қай жерде, қай шұңқырда, қанша мүрде үйінді боп қалғанын кейінгі буынға жеткізген де осы мазасыз кісі болатын. Шолақ белсенділердің қай жерде қанша кісі атқанын дер кезінде қағазға түсірген де Кәмекең еді.

Өлкетанушы зеректігін былай қойғанда, өнерге құсы түскіш Кәмекең күй өнеріне де жақын болды. Тәттімбет дәстүрін дамытушы шертпе күйшілер Әбди, Сембек, Итаяқ, Қыздарбек, Әбікен Хасенов, одан берідегі Бегімсал, Дәулетбек, Орал Исатаев бәрі-бәрін қарымды қаламымен жырдай толғады. Туған жездесі, дәулескер күйші Дәулетбек Садуақасовтың күйшілік талантына дем берген де өзі еді. Кәмкеңнің ұлттық өнерге, оның ішінде күйшілерге ықыласы өзгеше болатын, соның айқын дәлелі күй аспабына әуестігі еді. Құттыханасының бір қабырғасы домбыра үлгілерімен көз тартады. Домбыраға құмарлығы ұлттық өнерге деген махаббатының белгісі десе болады.

Тұрғылас достың бір қыры оның жазушылығы болатын. Рас, ол әдебиетке кеш келді. Өлең өлкесін біраз шиырлап барып, прозаға кешеңдеп келгеніне қарамастан, өндіре еңбектенген ол сүбелі роман, повестер жазды. Соның нәтижесінде қаламынан «Құба белдер» трилогиясы туындады. Одан бергі кезеңде ондаған хикаят, жүздеген әңгіме жазды. Бұның сыртында, саяси өткір тақырыпта жазылған серпінді мақалалары қаншама десеңші. Оны айтасың, не бір дарынды таланттардың тісі батпаған тақырыпты қаузаған да осы мазасыз кісі болатын. «Ер Едіге» романын қалың оқырман таласа-тармаса оқығанын көзіміз көрді.

Кәмел дос қанды көз қырандай қайтпас қараның нақ өзі едіау, шіркін! Деген қылшылдаған уытты кезінде Отаны үшін отқа түскені, түрме теперішін көргені мінез қалыбынан байқалатын. Жайшылықта сабырлы ол басынан сөз асырмайтын тарпаң болатын. Осы ғадетін өзіне емеуріндегенімде, жұмсақ жымиыспен арқамнан қаққаны бар. «Қиянаттың қыл бұрауына түссең, көрер едім әуселеңді», – дейтін еді. Қатарластары оның шалт мінезінен ықтап кететін-ді. Ет жүректі пенде біріншi кезекте өзінің шыққан тегін білуге тиісті. Қожа әулетінен екенін тым дабыралауға жоқ ол «қазақпын, қазақ ішінде қожамын», – деп жұмсақ жымиятын-ды.

Кешегі кеңестік кезеңнің қоржынынан шыққан біздің буын мұсылмандықты әуестікпен қабылдады. Меккеге сапарлап қайтқан Кәмел қажы «әркімнің өз тағаты өзіне, дін даңғазаны көтермейді», – деп жұмсартып отыратын-ды.

Қомақты іс тындырмаса жүре алмайтын бейнетқорлығында қапы жоқ еді Соның бір айғағы, дәлел-дәйегі орнықты «Қожалар шежіресін» жазып шыққаны болатын.

Қайда да жеңіл қарпуға жоқ ол ауырға арқасын тосудан еш тайқымады. Мазасыздығы сол – үнемі жоқ ізеп жүретін еді. Қарақан басының қамынан бұрын ұлтымыздың болашағы үшін тер төкті. Кіндік қаны тамған Шет өңіріне деген перзенттік махаббатынан айнымай кетті. Туған даласы ата қонысын жалықпай жырлап өткен ұлтжанды тұлға Кәмел Жүністегі келешекте Ақсу-Аюлыда тас мүсінге айналып, ел жүрегінде мәңгі қалады деген сенімдеміз. Тындырған ісі, жазған еңбектері ұрпақ санасынан өшпекші емес.

**Шет ауданы**

## *Қобыз үн*

***Киелі қара қобыздың***
***Сарыны бөлек,***
***Жыршы еді.***
***Ысқылай беріп***
***Оғыз – мұң,***
***Үзіліп тынды***
***Қыл – ішегі...***

***Айналып тұлпар***
***Пыраққа,***
***Барады маңып***
***Жыраққа.***
***Үзілсе де***
***Қобыз үн,***
***Сарыны қалды***
***Құлақта!..***

**Серғазы ҚАБЫЛДАУЛЫ**

**ҚАРАҒАНДЫ**

# Алыстап барамыз жағалаудан

**Төрехан МАЙБАС,**
**жазушы**

Кәмел ағаның да бақилық болғанына жыл толып қалыпты-ау...

Осы қаңтар айының 26-да Қарағандыда, С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрында менің «Ең алғаш сөз болған...» деген шығармашылық кешім өтеді.

Ертеңінде ол кісінің жылдық асы, садақасы...

Әрине, барамын...

Аман-сау жүргенінде, әрине, менің кешімнің төрінде отырар еді...

Баз біреулер біздерді қарсы қойғысы келеді. Біз бөлісе алмайтындай арамызда ештеңе болған жоқ. Алайда ел, жер тарихына келгенде жұлдызымыздың қарсы келіп қалған уақыттары болды. Ол үшін, әрине, бас араздыққа барған жоқпыз. Қайта сол шындықты арашалап алуға барымызды салдық.

Ел, жұрт Қарқаралы ауданының тарихы жазылып бітті деп ойлайды. Мен айтсам Қарқаралы тарихы енді ғана жазылып жатыр дер едім. Қасқырдың орманға қарап ұлитыны сияқты біздер де Қарқаралыға қараймыз. Көк теңізге біздер сонау Едірей тауларынан келгенбіз. Алайда сол тарихты біздер де түптей алмай жатырмыз. Кәмел ағамыз осы тарихқа бірінші болып борозда тартқан еді...

Сол бороздамен келеміз. Сол тарихтан қағаз бетіне түсіргеніміз шамалы болып тұр-ау...

Шет ауданымыз – атауында тұрғандай шеткері өңірлеріміздің бірі. Ел мен жұрт арасында атыс-шабыс басталғанда мұндай өңірлердің тарих сахнасына айналатыны белгілі. Сол тарихты там-тұмдап Софиян Қалыбекұлы ағамыз жазды. Сол тарихқа Кәмел ағамыз да қалам қуатымен барды. Өмір Кәріпұлы да бір шетінде атойлап жүр. Қазір бұл тарихты Мәулен Жакин ініміз жалғастыруда.

Кім не десе де, әрине, мен – ол кісінің рухани шәкіртімін.

Менің рухани өзегім осы Кәмкең түзген шежірелері арқылы өрілген. Ата шежіресінің тарихын білмеген жанның тарихпен шұғылдануы маған біртүрлі ерсі көрінеді. Менің түсінігімде тарих өз-өзіңді түсінуден басталады. Ал өзіңді түсінудің ең керемет құралы шежіре түзу. Оның ішінде Мәшекең машығында шежіре түзу өте маңызды. Мұндай шежірелер кәдімгі көркем әдебиеттей оқылады.

Кәмекеңде де Мәшекең машығы айқайлап тұрады.

Біздің заманда да шежіре түзу оңай болмайтын. Соған қарамастан шежіре түзушілер ел ішінде баршылық болатын. Соның көш басында Кәмкең жүруші еді.

Осы шежіре түзуден Кәмкең ұшпаққа шықты десек, онымыз да жалған болар еді. Өзіміз де аз таяқ жемедік.

Кәмкең түзген менің ата-бабаларымның шежіресінде де біраз кемсін тұстар болды. Мен соған көз жұма қарадым. Өйткені Кәмкең Керней емес Қожа баласы еді ғой!

Ағамыз өз шежіресіне кейінде ғана барды. Кемел жасында барып түзді. Бірақ сонда да ағаттықтар кетіп жатты. Өйткені ол замандарда ЗАГС болған жоқ қой.

Сол кемшіліктерін айтпадық емес, айттық. Кәмкеңнің бір кеміс тұсы осы жерде көрінеді. Бұл да бір тарих деп кеткен кемшіліктерін түземей сол қалпында қалдырып отырды.

Кәмкең өз топырағын керемет сүйді, керемет жақсы көрді. Өзінің түп тегін мақтан етті. Содан барып халықтық этимологияға жақын болды. Тіпті, әрі қарай өрбітіп отырған жайлары да болды.

Кәмкеңнің бүкіл болмысын мына жайтпен де қайтарсам болады. Шортанбай бабамыздың 200 жылдық тойын атап өттік. Соған байланысты «Арқа» аймақтық журналының бір нөмірін тұтастай арнадық. Енді оны өткізудің жайын уайымдайық. Неден бастарымызды білмей отырғанда Кәмкең жетіп келсін. Келді де бар таралымын қотара сатып алсын. Кейін көргенімізде тағы да таң қалайық. Кәмкең – ол кезде аудандық газеттің редакторы. Баспаханасы бар. Соған апарып Шортекеңнің туған жері Шет ауданы деп әрбір данасын қолмен түзеткен ғой. Не деген махаббат десеңізші!? Мұндай махаббатпен, әрине, далада қалмақ емес.

Ағамыздың осындай жанкештілігімен аудан орталығында Шортанбай ескерткіші бой көтерді, ауданның басты көшесі Шортанбай баба атымен аталады.

Осы жерде «өзіне ше?» деген заңды сауал туындайды. Бере қоятындай көше, болмаса басқа бір нысан көрмей тұрмын. Дегенмен, редакция алдында Кәмкең мүсіні тұрса бір жарасым табар еді.

Елін сүйгеннен шығады. Кәмкең – осы өңірде елін сүйген ерлер партиясын құрушылардың бірі. Ол заманда мұндай қадамға бару басты өлімге тігумен барабар еді ғой. Зейнолла Игілік ағамыз екеуі сондай қадамға барды, мыңдаған жүректің еліне деген махаббатын қоздатып қоймай, лаулатты.

Біз – сол оттан жаралған ұрпақпыз. Сол жалғастық әлі үзілген жоқ.

Бұл жағынан Зейнолла ағамыз екеуін халық қаһарманы десек те болады.

Бізде сондай атақ бар. Бұл марапаттың бір кереметі уақыттан тыс тұрғандығы. Яғни, бақилық болып кеткендерге де беріледі.

Өткен жылы Қарағанды зиялыларының басын қосып, Кәмкеңді «Халық Қаһарманы» атағына ұсынып, Президентке тікелей шықтық.

Әзірге аяқсыз қалып тұр. Алайда біздер аяқсыз қалдырмақ емеспіз.

Бір жақсысы Кәмкең осымыздың бәрін көріп кетті.

Біздің жазбамыздан кәдімгідей қуат алды. Ризашылықта болды.

Біздің Шет өңірімізде теңіз тұрсын, қара су да жоқ. Соған қарамастан қара жермен жүзген біздің де өз «Ақ кемеміз» болды.

Кәмкең сондай кемеміз еді. Жағалаудан алыстап-алыстап бақилық деген көкжиекке барып сіңді.

Қазір біз де сол жағалаудан алыстап бара жатқандаймыз.

**ҚАРАҒАНДЫ**

# Абыз

Жаныңа жақын, әкемдей қамқор, ағамдай ақылшы болған адам туралы естелік жазу қандай ауыр?! Айлар аунап, жыл өтсе де, Сіздің жоқтығыңызға сене алар емеспін, Кәмел аға!

Өз әкемнің қазасын балалықпен сезінбеген шығармын. Сіз кеткенде, жаным жабырқап, жүрегім езілді. «Балам» деп, базынасын айтатын, «Бауырым» деп, қамқорлығын сезіндіретін ағеділ Ағаның жоқтығы қандай ауыр?! Сіз өлген жоқсыз! Кеудемнен күмбез тұрғызып, жүрегіме жерлеп алғанмын.

Сіз Арқаның абызы едіңіз!

Сіз ұлт руханиятының жоқшысы едіңіз!

Сіз ақиқаттың қорғаны, маржан ойдың орманы едіңіз!

Сіз қазаққа бердіңіз, алған жоқсыз!

Сіз – 58-ші статьямен айыпталып, XXI ғасырға аман жеткен жалғыз қазақсыз!

Сіз – осы бір ауыр статьяның тауқыметін асқан қажырмен жеңген жігерлі жансыз!

Сіз – көне дәуірден көшелі ой жеткізіп, дала жәдігерлеріне тіл бітірген Әулиесіз!

Сіз құндылықтың жоқшысы, арғымақтың топшысы едіңіз!

Сіз кеше бар едіңіз, бүгін жоқсыз!

Дауасыз дертке шалдығып жатқаныңызды естіп, көңіл сұрай барғанымда да дүниенің сөзін емес, Алаштың арманын толғадыңыз. Сонша әлсіз күйде жатып, ұзақ әңгіме тиегін ағытқанбыз. Сіз:

– Анау Едіге, – дедіңіз әлсін-әлсін демігіп. Мен тыңдаудан жалықпадым.

– Шіркін, өмір берсе, сол Едігенің кесенесін қалпына келтіремін деп едім. Ұлытаудағы Едіге шыңында ер Едігенің кесенесі болған. Пирамида тектес сол кесене кешегі Кеңес дәуіріндегі солақай саясат салдарынан бұзылған. Мәйітке қол тиді. Мен соны Ұлытау облысының әкімі, ұлт руханиятының жанашыры Берік Әбдіғалиұлына аманат еттім. Мына кітабымды жеткізіп берерсің. Сонда жаздым барлығын. Менің арман-аманатымды бір орындаса, сол азамат орындар, – деп едіңіз.

Мен сол сәтте бұл жалғыз Берік Әбдіғалиұлына ғана емес, маған да жүктелген қастерлі парыз екенін түсінгенмін. Сол жолы бұрынғы әдетіңізбен батаңызды беріп шығарып салдыңыз. Қоштасарда:

– Шоқаннан қол үзбе, қатысып тұр. Бауыр болыңдар! – дедіңіз. Бұл сөзіңізде де ауыр салмақ жатқанын мен сол сәтте сезбеген екенмін.

Бұл кезде қалың қазақ Сіздің дертіңізге дауа сұрап, тілеуіңізді тілеп жатқан. Қаламдас ініңіз Ерсін досым әлеуметтік желіде жарияға жар салып, Сіздің дертке дауа болар алмас іздеп жатыр еді. Алмас Семейден табылған. Бірақ, бұл кезде Сіз табытта жаттыңыз көсіліп... Бәрі кеш еді. Біз кешігіп жүреміз ғой. Ажал жарықтық кешікпеді. Арқа жұрты ақырған ақпанда аһ ұрып, асылын жоқтап, төріңіздегі өзіңіз жинаған домбыралар өз-өзінен күңіреніп күй толқытқан. Аудан орталығындағы Шортанбай бабаңыздың тас мүсінінің қабағына қатқан мұз да еріп, жансыз бейненің жанарынан жас сорғалапты сол күні.

Жапанда жалғыз қалғандай күй кештім. Жаназада сапқа тұрған қалың қауымның ортасында тұрсам да, өзімді жалғыз сезініп, жаным жабырқады. Қайтейін?! Жөн сұрап барсам, жол сілтейтін Әке өзіңіз едіңіз. Еркелетіп «Бекім» дейтін аға-бауырым Сейіл еді... Араларыңызға он күн салып, екеуіңіз де фәниден бақиға оздыңыздар. Қасиетті қара домбыраңыз бен Сейілдің гитарасының ішегі үзілді. Сейіл кеткенде сұлу әннің ең ғажап қайырмасы орындалмай қалғандай күй кешкенбіз. Сіз кеткенде кеше мен бүгіннің арасын жалғап тұрған алтын жіп үзілді ғой, Аға!

...Ақсу-Аюлыға жол түспегелі біраз болды. Сол ауылдың аумағында Сіз тапқан, Сіз көрсеткен ескі қорым бар еді ғой. Бұл қорымға жазықсыз оққа ұшқан боздақтар жаппай көмілгенін Сіз дәлелдеп едіңіз. Сол жерден бұрын күңіренген азалы үн естіліп тұрады деуші еді. Сіз кеткелі бұл үн сап тыйылыпты. Орталарына Сіз барған соң, тыншталған болар...

Ал, біз Сізді сағынып, Сізді іздеп жүрміз...

**Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,**
**рухани бауыры**

*Ақын, журналист Ахат Құрмансейітов – 60 жаста*

# Ұлытаудың ұлары

**Ерсін МҰСАБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Осыдан тура 10 жыл бұрын Ахат ағам ердің жасы 50-ге толғанда туғанымдай болған қадірлі аға жайлы әпсанамды «Алтын сақа» деп айдарлаған екенмін. Оның да өз мәнісі бар еді...

Сыршыл өлеңдерімен елді елең еткізіп, әдеби ортаның оң пікіріне ие болған Ахаңды мұқым қазақ руханият әлемінен, поэзия патшалығынан іздейтін. Өлеңінен бөлек публицистикасын қайда қоясыз? Талайға бас шайқатып, таңдай қақтырған тамаша дүниелері әкімдіктің тартпасында қалып кетті-ау, шіркін. Мен сол кезде ширек ғасыр ғұмырын мемлекеттік қызметте өткізген өткір кездіктей өтімді ағаның өзін емес, Алашқа айтар сөзін іздеген екенмін ғой.

«Арқа руханияты алтын сақасын жоғалтып алған еді. Таптық! Әкімдіктің кеңсесінде қалған екен» деп жазыппын сонда. Сол жазбам қамшы болды ма, айналасы екі айда Арқа баспасөзінің қарашаңырағы «Орталықтан» табылды алтын сақамыз. Қала әкімінің орынбасары деген жіліктің майлы басындай дөкей қызметті тастап, облыстық газеттің жауапты хатшысы болып шыға келді. Кейінірек екеуміз бас редактордың орынбасары болып қатар қызмет атқардық. Редакторымыз – ақпарат Арктикасының мұзжарғышы, марқұм Мағауия Сембай. Осыдан-ақ ағалы-інілі екеуміздің бағымызды бағамдай беріңіз...

Ахаң келді. Біз қуана қарсы алдық. Ішкі ойым «Ағаң қарайып қалған шығар» деп күбірлейді.

Сөздің сөлі етінен өтіп, сүйегіне сіңіп алған екен. Шығармашылық ортаны сағынып қалыпты, көсіліп берсін. «Оралман» қаламгердің жазғаны ормандай оқырманның олжасына айналды. «Орталықтың» қабырғасында жүрген бүгінгі жастардың дені – Ахат Құрмансейітовтің қатаң талабымен шыңдалғандар. Мағаш аға екеуміздің назарымыздан тыс қалып, шалағай күйінде «өтіп кеткен» шатпақтар беттен ұсталып жатады. Шіркін, Ахаңның қырағылығынан үтір үркіп, нүкте қашып, бәрі өз орындарына тұра қалатын. Міне, біздің Ахаң осындай жаухатшы болды.

Негізі, Ахаңның мемлекеттік қызметте жүргені халыққа пайдалы болды. Оның халыққа қарашыл аттай үйірсектігі, адалдығы, өткірлігі, жоғары мәдениетімен жоққа тән тәкаппарлығы қарапайым тұрғындар арасында «Осындай да ашық, осындай да әділ әкім болады екен ғой» деген пікір қалыптастырды.

Жаны қалайтын жұмысын, қасиет қонған қаламын тастап, мемлекеттік қызметке кім барушы еді? «Әкімдікке барып, жағдайымды жасап алайын» деген парықсыз пиғылдағылар барады көбіне. Қос мүшелге енді толған шағында аудан жастарының жетекшісі (аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы) болған біздің Ахаң қай қызмет, қандай лауазымға барса да, тек қабілетіне сеніп барды. Ресми тілде көсем, ана тілінде шешен сөйлейтін жігерлі жігіттің сөзі мен ісінде алшақтық жоқ екенін аңғарғандар жарыса қызмет ұсынып жатқанын да көзімізбен көргенбіз. Кеңес дәуірінің соңғы жылдарында комсомолдың Орталық Комитетіне де шақырылған. Үй де береміз, күй де болады дегендерге сеніп тұрса да, бармады. Жезқазғанын, Ұлытауын қимаған.

Аттай қалап шақырған Алматыдан ат-тонын ала қашқан іскер азаматтың шалғайдағы Қаражал қаласына қалай барғанына ақылымыз жетпеді ақыры. Қалалық газеттің редакторы болып барды. Ол кездегі Қаражалды бүгінгі Қаражалмен салыстыруға келмейді. Көшкен елдің жұртындай болып, үйлері қаңырап, құбыры қаңсып қалған Қаражал еді. «Құба түздегі құлазыған қаладан не жоғалтты екен?», – дедік. Ол үндемеді. Шабаданын арқалап, тартып отырған. Барғандағы мақсаты көмескі болса да, аз уақытта жақсы аты жарқырады. Әкім атаулыны жақтырмайтын Қаражалдың қыңыр шал, қырсық кемпірі Ахаңды төңіректеді.

– Шырағым, жүзіңнен иман нұры төгілген бала екенсің! – деді біреуі.

– Қарағым, сөз ұстаған, сөз түсінетін қалпың бар екен. Мұңымызды сен тыңдарсың, – деді екіншісі.

Осылайша, Қаражал халқы өзінің туған ұлындай іш тартып, бауырына басты. Бюллетеньге айналып кеткен «Қазыналы өңір» басылымын ел іздеп жүріп оқитын газетке айналдырды. Ішкі саясат бөлімін басқарды. Қаражал қазағы – орыс, орысы қазақ болып кеткен қала еді. Ұлттық идеологияның құлағы қылтиды. Ол да – Ахат ағаның ілкімді ісінің жемісі.

Қала әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары болды. Сүрінген жоқ, сүйкімі жоғалмады. Сол жерден біз қолқа салғанбыз. Шабаданын арқалап бізге келді. Алты жыл ортамызда болған алтын сақамызды тағы жоғалтып алдық. Тағы кетті. Бұл жолғы кетісін құп көрдік. Туған жерге ту тігіп, тұғырына қонуға аттанған. Ұлытауға. Жерлестері Ұлытауға ұлар оралғандай қуансын. Туған жерге оралуын қанша құп көріп тұрсақ та, қимадық. «Неге?» деп сұраған едік.

– Көшіп жүріп қызмет істегеніме жиырма жыл болып қалыпты. Ел жаққа жақындайын. Тойған жерін төңіректейтін ит емеспін ғой, туған жеріме де қызмет етейін, – деді. Үндемедік.

Ел түсіне алмаған шығар. Сонау 1990 жылдан бері туған інісіндей болып, соңына ерген мен түсіндім. Үйлене салып әскерге кеткен. Әскерден келіп, оқуға түскен. Оқуды бітіріп, Шеңбер ауылынан аудан орталығына қызметке шақырылған. Ұлытаудан – Жезқазғанға. Жезқазғаннан – Қаражалға. Қаражалдан – Қарағандыға. Қарғандыдан – Ұлытауға. Осы көшіп-қонудың бәрінде «Үй алғанша» деген желеумен көп жылдар салт жүрді. Әскердегі екі жылын қосқанда, жұбайлық өмірінің тең жартысын Тәслима жеңгемнен жырақта өткізіпті. Не деген төзім? Ағамның төзімін емес, жеңгемнің сабырын айтып отырмын. Сөйтіп жүріп:

Еh, шіркін...
Бөгде ойларды сырып тастап,
Сал-серідей ғажап бір ғұрып бастап.
Жайлауда...
Жанымда – Сен, жатар ма едім,
Түндігін киіз үйдің түріп тастап, – өлең жазады.

Өлең – ғажап! Мөп-мөлдір! Майлы бояумен салынған бәдіреттей әсерлі-ақ! Бірақ, бұл қай жайлау? Қайдағы киіз үй? Тәслима жеңгем екеуміз осы күмәннің жетегінде өмір сүре бастадық. Әйтеуір, лапылдаған 18-де, жалындаған 25-те жазылған өлең емес екенін жақсы білеміз. Салт жүргендегі салдықтың салтанаты болса ше? Қалжың, әрине.

...Сонымен, ұзақ жыл не «Қызыл кітаптан», не өз ұясынан табылмаған, ұран салып іздеген Ұлар Ұлытауға оралды. Туған елге адал қызмет етіп, абырой биігінен көрініп жүр.

Негізі, Ұлар – қасиетті құс. Тау бөктерінде тобымен жайылған кезде біреуі биік шыңға шығып, айналасын қарауылдайды екен. Қауіп төне қалса, бөлекше үн шығарып, хабар береді. Ахаң да Ұлытаудың киясына қонып, ұлт руханиятын қауіптен қарауылдаған Ұлар құс секілді көрінеді маған. Еті ем дейді білетіндер. Ахаңның сөзі де, ісі де – ем. Әсіресе, рухани кеселге шалдыққандар Ахат ағаның қасында бір күн болса, дертінен құлан-таза айығады.

Өйткені, ол – Ұлытаудың Ұлары!

# Тұғырдағы тұлға

Еңселі азамат. Елеулі тұлға.

Халықшыл шенеунік. Сыршыл ақын.

Қаламы жорға журналист.

Ұлытаудың ұлы.

Айналасына нұрын шашып жүретін жақсы ағам – Аққем!

Ұлытау аудандық мәслихатының төрағасы Ахат Құрмансейітовті Арқа жұрты осылай ардақтап, мұқым қазақ құрмет тұтады.

Ол – лайықты!

Елін сүйеді, халқын қадірлейді. Асыл жары Тәслима жеңгеміз де, алтын асықтай ұлдары ел игілігіне қызмет етіп, ел алдында еңселері биік жүр. Ұлытау жастарының жетекшісі болып басталған қызмет жолы мемлекеттік қызметте абыройға бастап, шығармашылық жолда шыңдалды.

Қазыналы Қаражал қаласына да ат шалдырып, қалалық газетте бас редактор болды. Қала әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарды.

Қарағандыға қоныс аударып, шығармашылыққа ден қойды. Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінде жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болды. Ешкім оған «Қайдан келдің?» деген жоқ. Адал пейілі өлең болып өрілген, парасатты ойы көсемсөздің шоғын көсеген Ахат ағамды ешкім жатырқамады.

Кейіннен туған жерге ту тікті. Ұлытау аудандық «Ұлытау» газетінің екі тізгін, бір шылбырын берік ұстаған ол – қазір аудандық мәслихат төрағасы.

Өз тұғырына қонған нағыз қайраткер тұлға!

Алпысқа алқынбай келді. Бұл белес Аққем өмірінің тал түсі болсын!

Алқынбаңыз, Аға!

Жарқылдаңыз, жақсы Адам!

**Нұргүл ШАМАЕВА**



# Аға

**Халқымыздың «аға» деген сөзінде бір жылы шуақ, ерекше қасиет бар. Менің Ахат Құрмансейітов ағамды осынау бір-ақ ауыз сөз Алатаудай алып тұлғасын айнадай анық көрсетіп тұр. Ағаға деген алтынға айырбастағысыз қымбат та таза көңілімізді тағы да осы сөзбен жеткізгіміз келеді. Өйткені, ағам жасаған жақсылығын ешқашан бұлдамайды. Сондықтан болар, қамқор алақанымен алқаған інілері, кейінгі толқын жастар аға үмітін ақтауға талпынып, ұмтыламыз. Бүгінгі таңда алпыстың жалын тартып мінген Ахат ағаның қай қызметті атқарса да, адами қадір-қасиетін, табиғи болмысынан жырақтамаған тұлғасын одан әрі тани түсіп, үлгі етеміз.**

**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ахат ағамен облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне жұмысқа тұрғанымда жақын таныстым. Жауапты хатшы кейін редактордың орынбасары қызметін тізгіндеген ағаның талай қамқорлығын көрдік. Әдетте кемшілікке кеңшілік жасап, көңілге қарап, төрелігін айтып, төнген қауіптен қорғап қалатын. Көл-көсір пейілі кісінің бағын ашып, көңілге қанат бітіріп, жүзіміз жадырап, керемет мақтаныш сезімі кеудемді кернейтін. Әсіресе, Жәнібек Әлиман екеумізге жұмсақтық танытатын. Кабиентіне шақырып алып, кезек-кезек өлең оқытады. Бізді тыңдап болған соң шақшасын қағып-қағып жіберіп, насыбай атады. Содан кейін өмір – дегеніңе көнбейтін тылсым тіршілік екенін тарқата айтып, «өлең-өмірді, өмір-өлеңді еске салады» деген пікірін алға тартып, өз өлеңін күндей күркіреп оқиды. «Өзін таппаған қаламгер оқырманын да таппайды», – деген сөзді жиі есімізге салады. Санаңа сәуле, зерденге ақыл болып құйылатын ойлы жырлар Ахат ағамен болған әңгімеден кейін ақтарылып түседі. Кілтін табу қиын сыр сандықтың кілтін ашып, жыр қашаудай жаныңа жігер береді. Қасіретті күндерден қасиетті дүние туатындығын тамыршыдай дөп басып ескертетін.

Сонда көп жылғы мемлекеттік қызметін тастап, журналистиканың жүгін арқалап, «Орталықтың» отымен кіріп, күлімен шыққан жанның бұл қадамына таң қалатынмын. Сөйтсек, сүлей сөздің сахабасы өлеңнің өлкесін, өнердің ортасын аңсап келген екен. Біз секілді бауырларына жазуына ықпал етсем деген ниетте жүреді екен. Салмағы ауыр міндетті абыроймен алып жүру үшін де кемел кісілікпен қатар арғы-бергіні саралай білер салмақтылық, төрелік іздегенге байламын айтар байыптылық, адасқанды ағалық ақылмен жөнге салар көшелілік қасиет қажет қой. Ахат ағамның бойынан осынау мінездің бәрі табылады. Біз бір-де-бір рет өз басының ғана қызығын күйттеп, жалғанды жалпағынан басып жүрген кезін көрмеппіз.

Ахат ағаның біреуге қабақ шытып, ашуланғанын көрмеппін. Қашан көрсең, сол байсалды қалпы. Жұмысқа деген ұқыптылығы, бойындағы азаматтығы, жөн білетіндігі бізді қатты таң қалдыратын. Кейде бір ісің көңілінен шықпаса, қасына шақырып алып, ақырындап түсіндіреді. Арасында «Нешедесің қазір?» деп сұрайды. Сосын өзінің сол жастағы атқарған қызметінен, басынан өткергендерінен түрлі мысал келтіреді. Келесіде ұялғаныңнан сол кемшілікті қайталамауға тырысасың. Қазір ойлап отырсаң, осындай ағалардың жанашырлығы бізді үлкен өмірге дайындаған екен...

Шынайы құрметті ешкім де сатып алмайды. «Аға» деген сөзге деген шексіз құрметіміз бен ұлы сүйіспеншілігіміз еркелігіміз сыйып тұр. Ертеңің түгілі бүгінгі кештің қалай батарын білмейміз ғой. Бірақ, біз Ұлытауда жүрсе де, ағаның ақ самалдай пейілін алыста жатып сезінеміз. Бір жолы барғанымда Ұлытау туралы ақындарға өлең жаздырып, бәйгесін өзі көтергені бар-тын. Сол жолы «Ұлытау» деген өлең жазып едім. Осылайша бізді бір қамшылаған.

Қамшылап, қанаттандырып жүретін ағаңның болғаны қандай жақсы.

«Сіздер бәрін көрдіңіздер,
Сіздер бәрін бердіңіздер,
Сіздер бәріне сендіңіздер,
Сіздер алпысқа келдіңіздер!» – деп ақиық ақын Мұқағали ағынан ақтарылған екен. Жақсы ағамыз, жүзге дейін мөлдіреген пәк тілек пен таза жүректерден төгілген аппақ алғыстарды арқалап жүре берсін демекпіз!

# Бекзада болмыс

**Бірде гректің атақты философы Фалестен «Дүниедегі ең оңай нәрсе не?» деген сауалға: «Басқаға ақыл айту», ал, «Ең қиын нәрсе не?» дегенде: «Өзіңді танып-білу» деп жауап берген екен. Расымен де, арамызда аузын айға білеп, ақыл айтудан шаршамайтын адамдар көп. Кейде қызды-қыздымен талай істі тындырып, тау қопарып тастағандай күпінеді ғой. Бірақ, үңіліп қарасаң, арты қуыс. Әр нәрсенің басын шалып, тыңғылықты іс тындырмаған. Бар болғаны қызыл сөз екенін көресің. Десек те, арнайылап ақыл айтпаса да, өзінің азаматтық ажарымен, болмысымен өнеге боларлық тұлғалар да аз емес. Соның бірі – алпыстың асуына шыққан Ахат Құрмансейітов.**

Студент кезімде «Қазақ тілін дамытқымыз келсе, ақпарат қолжетімді болуы керек. Интернетте қазақша сапалы контент қалыптаспай, тіл мәселесін шешеміз деу – бос сөз. Ол үшін газет-журнал редакциялары сайт ашып, жаңа медиа бағытын да қолға алуы керек» деген идеяның соңында жүрдім. 2016-2017 жылдар ғой. Қазақша контент жасаушылар мен дәстүрлі журналистика өкілдері арасын қара мысық кесіп өтіп, ортақ мүдде жолында бірігуді емес, бірін-бірі мысқылдап, кемсіту өршіп тұрған шақ. Өйткені, қазақша контент жасаймыз деп талпынғандардың басым дені кәсіби журналистер емес. «Ит жоқта шошқа үредінің» керін келтіріп, жазған-сызғаны сын көтермей тұрған шақ. Әйтеуір, жоқтан бар. Сөйтіп жүріп, жұмыс бабымен Сәтбаев қаласына жолым түсті. Ахаңмен де алғаш осында таныстық. Бірге түстеніп, бірер сағат пікірлескен едік. Көп дүниеге қатысты ойымыз ортақ екен. Әңгімеміз жарасып жүре берді. Менің тәжірибем аз. Ол кісі көпті көрген, талай істің жөнін білетін азамат. Қате пайым, бұрыс кеткен жерімізді түзеп, жөн сілтеді. Сол таныстық әлеуметтік желідегі достыққа ұласты. Кейін облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде әріптес болдық.

Менің жұмысым газеттің интернет ресурсы – «Ortalyq.kz» сайтына мақала салу, оқырман тарту. Ахаң бас редактордың орынбасары – біздің бөлімнің бейресми кураторы. Ағаның жұмыс десе, ішкен асын тастай салып, ойға алған жұмысы орындалғанша ұйқы мен күлкіні ұмытатын жан екеніне осы кезде көзім анық жетті. Сайтқа қатысты сұрақтар туындағанда күн мен түнге қарамай шырылдайды. Бір әріптен қате кетсе, Ахаң үшін анық катастрофа! Қашан түзеліп, дұрысталғанша мазасы болмайды. Әрине, бұл жемісін де берді. Аз уақытта облыстық газеттің сайты республикалық ақпарат агенттіктерімен терезесі тең БАҚ-ка




айналып, аймақтың қазақ тілді ақпарат кеңістігінің негізгі генераторына айналды. Тіпті, ТМД елдерінің кейбір ақпарат ресурстары да Қарағанды жаңалықтарын «Орталықтың» сайтына сілтеме беріп, өз тілдерінде жариялап жататын.

Иә, Ахаң жаңалыққа жаны құмар жан. Бір ізге түсіп алып, үйренген соқпағынан шыға алмайтын көптің бірі емес. Қай саланың тізгінін ұстаса да, жаңа технологияларды енгізіп, дамытуға құлшынады. Бұл кісінің сүріп өткен жолының өзі болмысын анық көрсетіп тұр ғой. Ұзақ жыл мемлекеттік қызметте жүрсе де, шығармашылықтан бір сәт қол үзбей, үнемі ізденісте жүрген. Өте сирек кездесетін құбылыс қой. Әрі қандай лауазымды қызметке барса да, адамдық қалпына дақ түсірмей, үлкеннің алдындағы інілік ізетін, кішінің алдындағы ағалық келбетін жоғалтпаған. Қанмен берілген болмысы сол ғой өйткені.

Ахат аға өзін толық танып-білген жан. Бойындағы тектіліктің белгісі соны аңғартады. Таныстығымыз он жылға жуықтап қалыпты. Осы аралықта біреуді сыртынан жамандап, кек сақтап, тіс қайраған сәтін көрмеппін. Әрине, өмір болған соң арасында өкпе-реніш болып тұрады. Оның өзі асып кетсе, бірер сағатқа ғана ұласатын тәрізді. Қазір ашуланып, қабағын түйсе, сәлден соң арқа-жарқа болып, күліп жүреді. Шындығында, бұл – кез келген адам жетуге ұмтылып, армандайтын ең асыл қасиет.

**Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ**

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# Өндірістік трансформация кезеңі

**Соңғы жыл ішінде облыстық өнеркәсіп, индустриялық-инновациялық даму басқармасы соны стратегиялар мен тиімді технологиялық шешімдерді іске асырудың алғы қатарында болды десек, қателеспейміз. Толайым жетістіктер мен жаһандық перспективалармен ерекшеленетін индустриялық прогресс пен инновацияның қызықты жылын шолып көрелік. Сонымен.**

Қарағанды облысының өнеркәсіп секторында 1200-ге жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Оның 38-і – ірі, 65-і – орта және 1000-нан астамы – шағын кәсіпкерлік субъектілері.

2023 жылдың қорытындысы бойынша облыстың өнеркәсібінде 3,5 трлн. теңге шамасында өнім өндірілді. Бұл облыстың жалпы өңірлік өнімінің жартысынан астамын құрайды.

Өңдеу өнеркәсібінің үлесі жыл қорытындысы бойынша өнеркәсіптің 75 пайызын алып жатыр. Әсіресе, экономиканы әртараптандыру шеңберінде оң динамика машина жасау (43%), жеңіл өнеркәсіп (24%), фармацевтика (9%), құрылыс (8%), қара металлургия (2%) салаларын ерекше атап өтуге болады.



Қарағанды облысында көмір тасымалдау құр  отынды тасымалдау ғана емес, сонымен қатар, өңірдің өмірі мен дамуын қолдайтын үйлесімді жүйе. Көмір энергетикалық ландшафтта маңызды рөл атқарып қана қоймай,  аймақтық бастамалар энергияға деген қажеттілік пен қоршаған ортаға деген қамқорлық арасындағы тепе-теңдікті сақтауға соны мүмкіндік береді.

Биыл өнеркәсіп саласын дамыту жұмыстары жалғасады. Біз 2,1% өсіммен 3,7 трлн. теңгеден астам өнеркәсіптік өндірісті қамтамасыз етуді жоспарлап отырмыз. Өңдеу секторында 2,8 трлн. теңге немесе 2,5% өсіммен оң динамика күтілуде.

2023 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға 12,2 пайыз өсіммен 854,3 млрд. теңге инвестиция тартылды. Оның ішінде, жеке инвестициялар көлемі 734 млрд. теңгеден артты. Жаңа өндірісті іске қосуға келетін болсақ, 2023 жылы 138 млрд. теңгеге 11 жоба іске асырылып, 2 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Жобалар «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында, РТБ өнеркәсіптік алаңында, Балқаш және Саран қалаларында Абай, Нұра, Осакаров және Қарқаралы аудандарында іске қосылды.

Ауқымды жобаларға тоқталып кетсек, Осакаров ауданында жоғары сапалы әк шығаратын зауыт іске қосылды. Жалпы инвестиция көлемі шамамен 30 млрд. теңгені құрап, 100-ден астам жұмыс орны ашылды. Жаңа зауыт қара және түсті металлургия мен шыны өнеркәсібіндегі отандық кәсіпорындардың сұранысын өтейтін болады. Сондай-ақ, зауыт өнімдерін жылу электр станцияларының түтін газдарын тазарту үшін пайдалану жоспарлануда. Бұл ауа мен қоршаған ортаның ластану мәселелерін оңтайлы шешеді.

Өңірдегі серпінді жобалардың бірі – Нұра ауданындағы арнайы кокс өндіретін зауыт. Жылдық қуаттылығы – 400 мың тонна. Мұнымен бірге, жыл сайын «Шұбаркөл көмірінен» 70 мың тоннадан астам көмір шайыры мен мұнай өндірілетін болады. Жаңа кәсіпорын өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін технологиялық шешімдерді ұсынады. Технологияда пайдаланылатын барлық су ресурстары мен ластанған ағынды сулар тазартылып, сумен жабдықтау жүйесіне жіберіледі.

Ал, Балқашта сирек жер металы – селен өндіретін бірегей цех ашылды. Бұл жобаның көрші елдерде баламасы жоқ. Кәсіпорын 75 тоннаға дейін тазартылған селен өндіреді.

Өңірде өнеркәсіпті дамыту барысында тоқтап тұрған кәсіпорындардың жұмысын жандандыруға баса назар аударылуда. Бұрынғы резеңке-техникалық бұйымдар зауыты инфрақұрылымының болуын ескере отырып, өнеркәсіптік алаңдар кешенін құрудамыз.

Саран қаласындағы осындай жобалардың бірі «Silk Road Electronics» тұрмыстық техника зауытының құрылысы болды. Ағымдағы жылдың қараша айында тұрмыстық техника шығаратын 7 өндірістік желі іске қосылды. Бұл жобаны жүзеге асыру 1200-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік берді. Зауыттың жобалық қуаты жылына 1 млн-нан астам өнім шығаратын болады. Олардың қатарында теледидар, шаңсорғыш, микротолқынды пеш, ас үйге арналған сорғыш, су жылытқыш және кір жуғыш машиналар бар.

Биылғы жылы инвестиция тартудың оң қарқыны жалғасатын болады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,5% өсіммен 910 млрд. теңге деңгейінде күтілуде. 247 млрд. теңгеден асатын 10 жаңа инвестициялық жоба іске асырылады. Жаңа өндірістерде 3,5 мың жаңа жұмыс орны құрылады. Катодты мыс, ферросиликоалюминий, жел электр мұнаралары, жүк көліктері, түзу тігісті болат құбырлар, темірбетон бұйымдары, мырышталған металдан жасалған бұйымдар өндірісі жолға қойылады.

Индустриалды-инновациялық инфра құрылым элементтерінің бірі «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында қазіргі күні 20 кәсіпорын тіркелген. Арнайы жеңілдіктердің арқасында мұнда 11 жоба іске қосылды. 160 млрд. теңге инвестиция тартылып, өндірілген өнім көлемі 183,3 млрд. теңгені құрады. 1114 жұмыс орны ашылды. Салық шегерімдері 18 млрд. теңгені құрады. Инфрақұрылымдық құрылыс шығындарына жұмсалған 1 бюджеттік теңгеге инвестиция түрінде 6,3 теңге тартылды. 2023 жылы жалпы құны 10,5 млрд. теңгені құрайтын 2 жоба іске қосылып, 150 тұрақты жұмыс орны ашылды.

Бүгінде арнайы экономикалық аймақта 9 жоба іске асырылуда, оның ішінде, 2 жобаны ағымдағы жылы жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл «Қарағанды Power Silicon» алюминий ферросилиций өндірісі және «Power Blast» жарылғыш заттарды өндіру зауыты. Өңірдегі тағы бір ірі өнеркәсіптік алаң – «Саран» индустриялық аймағында жобаларды жүзеге асыру жалғасуда. Индустриялық алаңның қатысушылары қазірдің өзінде 333,4 млрд. теңге инвестиция тартты. Мұнда 183 млрд. теңге өнім шығарылды. Кәсіпорындарда 4 600 жаңа жұмыс орындары құрылды. Индустриялық алаңда барлығы 7 жоба жұмыс істейді, оның ішінде 3 жоба іске асырылды, 4 жоба құрылыс  сатысында.

Биыл тағы 3 жоба іске қосылады. «ТЕМПО Қазақстан» түзу тігісті болат құбырлар өндірісі. «SaranTrucks» жүк көліктерін шығару кәсіпорны. Металл бұйымдарды ыстық мырыштау зауытының құрылысы. Білікті кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында  өнеркәсіптік кәсіпорындар облыстағы жоғары оқу орындары мен колледждермен меморандумдар мен көпсалалы шарттық қатынастар жасалды. Сондай-ақ, түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бағдарламалары бекітіліп, дуалды оқыту жүйесін енгізу жұмыстары жалғасуда.

Жалпы, облыста инвесторлармен нақты жұмыс жолға қойылған. Оларға ыңғайлы болу үшін біз әр инвестициялық жобаға толық қолдау көрсету үшін мамандарды жеке бөлеміз. «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы базасында инвесторларға қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Мамандар құрылысқа барлық рұқсаттарды алуға, визалық қолдау көрсетуге, сондай-ақ, инвестициялық келісімшарт жасасуды дайындауға көмек көрсетеді. 2023 жылы әлеуетті инвесторлармен 28 кездесу өткізіліп, оның қорытындысы бойынша 3 инвестор жобаларды жүзеге асыруға кірісті және 4 жоба бойынша келіссөздер соңғы сатыда. Шетелдік интернет-ресурстар мен іс-шараларда Қарағанды облысының инвестициялық әлеуеті таныстырылды.

Біз, сондай-ақ, ақпараттандыру басқармасымен бірлесіп, инвесторлардың сұрақтарына жылдам жауап беру мақсатында телеграмм-бот құрудамыз. Инвесторлар үшін нұсқаулық пен Қарағанды облысының барлық өнімдерінің каталогын жасау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, жергілікті тауар өндірушілерге арналған каталог пен вебсайт жасау жұмыстары жүргізілуде.

Сөз соңында айтарым, өнеркәсіп саласын дамыту, инвестиция тарту жұмыстары жалғасатын болады.

**Дарын БҰЛҚАЙЫР,**
**облыстық өнеркәсіп,**
**индустриялық-инновациялық даму**
**басқармасының басшысы**

# Аймақтағы діни ахуал тұрақты

**Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін діни фактор тек қазақстандықтардың жеке өмірінде ғана емес, жалпы қоғамда да айтарлықтай рөл атқара бастады.**

**Мемлекет басшысы өз сөзінің бірінде «Әрбір адам үйлесімділік пен келісімдегі бақытты өмір туралы армандайды. Діни төзімділікті ілгерілету, сындарлы диалог пен өзара сенімді дамыту осы мақсаттарға қол жеткізудің бір жолы болып табылады», – деп атап өтті.**

Бүгінгі күні діни радикализм халықаралық тұрақтылыққа қауіп келтіреді және мемлекеттер үшін қауіп-қатер болып табылатынын атап өткен жөн.

Біздің азаматтарға теріс әсер ету қаупінің алдын алу мақсатында біздің басқарманың қызметі діни экстремизм мен терроризмді насихаттауға жол бермеуге, конфессияаралық келісімді, дәстүрлі рухани құндылықтарды және мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылын нығайтуға бағытталған.

Біздің облыс республикадағы ең көп конфессиялы өңір болып саналатыны белгілі. Республикада жұмыс істейтін 18 конфессияның 15-і бар (ислам – 127, православ – 23, католиктік – 16, протестанттық – 110, иудаистер – 2, Кришна санасы қоғамы – 1, «Бахаи» қоғамы – 1), олардың атынан 280 діни бірлестік пен филиалдар өз қызметін жүзеге асырады.

Дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмысы тұрғындармен жүргізілетін жұмыстың ең маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ол Қазақстан Республикасының діни қатынастары саласында қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау жөніндегі қолданыстағы заңнамасы туралы өңір тұрғындарын ақпараттандыруға және оны түсіндіруге, діни радикализм идеяларының таралуына жол бермеуге және діни белгілері бойынша қоғамның жікке бөлінуіне жол бермеуге бағытталған.

Өткен жылы тұрғындар арасында түрлі деңгейдегі 14 ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істеді, олардың құрамына 163 сарапшы енгізілген. Өткен жылы 4743 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өткізіліп, оларға 195 200 адам қатысты. Бұл ретте, жастар арасындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына ерекше назар аударылады. Дәл осы санаттағылар деструктивті діни ілімді таратушылардың әсер ету объектісіне айналады. Және де жастар көбінесе псевдодіни білімді күмәнді дереккөздерден, әсіресе діни экстремизм мен терроризм идеологиясын тарататын шетелдік уағыздаушылардан алады.

Облыста бірнеше жылдан бері  жергілікті атқарушы органдар жоғары сынып оқушыларымен, спорт секцияларының тәрбиеленушілерімен, орта арнаулы оқу орындарының студенттерімен және оқушылардың ата-аналарымен күмәнді діни білім алудың қауіптілігі, тіркелмеген діни ұйымдарға тартудың қауіптілігі, тіпті, діни жанжалдарға қатысуға алдап-арбау туралы ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын тұрақты түрде жүргізеді.

2023 жылы жастарға арналған 945 іс-шара өткізіліп, 33 624 адам қатысты.

Интернет діни радикализм мен экстремизм идеяларын таратудың аса басымды көздерінің бірі болып отыр. Сол арқылы жастардың толық қалыптаспаған санасына немесе тұрғындардың мақсатты маргиналды топтарына теріс әсер етуде.

Сондықтан ақпараттық іс-шаралармен қатар, интернет желісінде және БАҚ-та түсіндіру жұмысы белсенді жүргізіледі. Мәселен, 2023 жылы еліміздің және облыстың  телеэкрандарында облыстық және республикалық деңгейдегі дін саласының құзырлы мамандарының қатысуымен 20 сюжет, 7 телехабар, 3 ток-шоу, 17 подкаст эфирге шықты. Әлеуметтік желілердің кеңінен танымал  алаңдарында 11 210 жарияланым мен 3 250 материал таратылды, БАҚ-та 534 мақала жарыққа шықты.

Оларда дін саласындағы заңнама, діни радикализм мен экстремизмге қарсы тұру жөніндегі түсіндірулер берілді, діни төзімділік идеялары насихатталды, діни деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсетілді.



Интернет-кеңістікте құқыққа қайшы контентті, сонымен қатар, экстремистік сипаттағы материалдарды тарататын және оған қызығушылық танытатын пайдаланушыларды анықтау мәніне әлеуметтік желілерге мониторинг ұдайы жүргізіледі. Деструктивті діни контенті бар әртүрлі интернет-ресурстардан туындайтын қауіптілікке байланысты күн сайын әлеуметтік желілерді пайдаланушылар арасында қарсы насихаттау материалдары таратылады, күмәнды интернет-ресурстардың жазылушыларымен түсіндіру жұмысы жүргізіледі.  Нәтижесінде өткен жылы 10 000-нан астам пайдаланушы деструктивті контенттегі топтар мен интернет-көздерінен шығып кетті. Сонымен бірге, 12 адам ҚР заңнамасын бұза отырып, діни экстремизм мен терроризмді насихаттау белгілері бар материалдарды заңсыз таратқан. Олар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 3 млн. теңгеге жуық сомада айыппұл салынды.

Көрнекі үгітте белсенді қолданылуда. Облыстың елдімекендерінде Қазақстан Республикасын зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде және қазақстандық қоғамның дәстүрлі рухани құндылықтарын кеңінен танымал ететін баннерлер орналастырылған.

Деструктивті діни ағымдардың зияндылығы туралы түрлі акциялар өткізу, баспа материалдарын  тарату тәжірибесі қолданылады.

Өңірдегі конфессияаралық тұрақтылықты қолдауда Қарағанды облысының діни бірлестіктер клубы айтарлықтай маңызды рөл атқарады, оның құрамына 14 конфессияның өкілі кіреді. Өткен жылы діни бірлестіктер клубының 9 отырысы өткізіліп, облыстың тарихи және діни орындарын аралаумен түрлі өңірлерге 4  сапар өткізілді. Сонымен қатар, қатысушылар облыс тұрғындары арасында 60 қайырымдылық акциясын өткізді.

Өкінішке қарай, еліміздің дін саласындағы заңдарының талаптарын бәрі бірдей сақтай бермейді. Радикалды діни ағымдардың ықпалына түскендер де бар. Бірақ, өздеріңізге белгілі, біздің елдің саясаты барлық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғауға ғана емес, сонымен бірге, деструктивті діни ағымдар идеологиясының ықпалынан зардап шеккендерге көмек көрсетуге бағытталған.

Сондықтан аталған азаматтармен, оның ішінде, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқандармен радикалды діни ағымдар насихаттайтын идеялардың дәрменсіздігі мен деструктивті мәнін түсіндіруге бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

Жалпы, бүгінгі күні облыстағы діни ахуал тұрақты.

Мұны 2023 жылы жүргізілген әлеуметтік зерттеу нәтижелері де дәлелдейді, оған сәйкес тұрғындар өңірдегі діни ахуалды дәйекті түрде қолайлы деп санайды, мемлекет дамуының зайырлылық қағидаттарын қолдайды (63%) және дін саласындағы конституциялық құқықтарды кепілді пайдалану жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін жоғары бағалайды.

**Жанболат СЕКТАЙ,**
**облыстық дін істері**
**басқармасының басшысы**

DIGITAL KAZAKHSTAN

# Интернетке қолжетімділік артады

**Мәжілістегі Заң жобасында цифрлық технологиялар үшін инновациялық ортаны дамытуға байланысты өзгерістер ұсынылды. Ғылым мен білімнің дамуы үшін маңызды кеңжолақты интернет желісіне қол жеткізуге қатысты Заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

– Кеңжолақты интернет желісіне қол жеткізу әлеуметтік саланы дамыту және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру үшін шарт әрі пандемия кезінде онлайн білім беруді енгізу мәжбүрлі шара болды. Алайда, бүгін біз оның барлық кезеңдерінде оқытудың біріктірілген нұсқаларын белсенді түрде қолдануды жалғастырудамыз. Қашықтан оқыту технологиялары шалғайдағы және шағын жинақталған мектептердің мәселелерін шешуде жақсы көмекші болып отыр, – деді депутат Жұлдыз Сүлейменова.

Депутаттың айтуынша, еліміздегі 7 826 мектептің 7 750-і интернет желісіне түрлі технологиялармен қосылғанына қарамастан, тек 5 073 мектепте интернет жылдамдығы медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) ұсыныстарына сәйкес келеді. Осы ұсыныстарға сәйкес бір мектепке ең төменгі жылдамдық – 20 Мб/с. Оқушылар саны 400-ден асатын мектептер үшін 20 оқушыға қосымша кемінде 1 Мб/с ұсынылады.

– 1 043 мектепте интернет желісіне қол жеткізу жылдамдығын арттыру үшін техникалық мүмкіндік бар, 1 643 мектепте мұндай мүмкіндік жоқ. Қосымша инфрақұрылым қажет. Заң жобасында байланыс инфрақұрылымын жақсартуға, оның сапасын арттыруға, оның ішінде, мектептер үшін бірқатар норма ұсынылады. Сонымен қатар, былтыр 9 қазаннан бастап, Ақмола, Қарағанды және Алматы облыстарындағы Starlink спутниктік технологиялары арқылы 150 Мбит/с жылдамдықпен интернет желісіне пилоттық режимде 10 мектеп қосылды. Қалаларда ғылыми-зерттеу зертханалары 5G технологиясына қол жеткізе алады, – деді депутат.

Бұдан басқа заң жобасында цифрлық технологиялар үшін инновациялық ортаны дамытуға байланысты өзгерістер ұсынылады.

– Қазіргі уақытта Комитет ғылым және жаңа технологиялық саясат мәселелері бойынша бірқатар заң жобаларын қарастыруда. Осы жобада ұсынылған цифрлық технологиялар саласындағы шешімдер инновацияларды дамытудың жаңа құқықтық ортасына тиімді қосымша болады, –  деді Жұлдыз Сүлейменова.

● ҚҰҚЫҚ

# Вейп сатқанға жаза бар

**Қазақстанда вейптерді әкелуге және таратуға тыйым салынады. Мәжіліс тиісті Заң жобасын мақұлдап, оны Сенатқа жолдады.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жайлы Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымова «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасында таныстырды.

Денсаулық сақтау мәселелері бойынша түзетулер тұжырымдамасынан тыс темекі өнімдерін тұтынуды шектеу нормалары да қарастырылған. Вейптерді әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салынады. Оларды заңсыз сатқаны үшін ең жоғары жаза – 50 тәулікке дейін қамауға алу. Ал,  әкеліп, таратқаны үшін – 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру және қылмыстық топ жасаған не аса ірі мөлшерде жасалған, бірнеше рет жасалған әрекеттер үшін 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.

# Электронды төлем тығырыққа неге тірелді?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер сіз, шынымен, кәсіпкер болсаңыз, әрі мобильді аударымдар арқылы пайда тапсаңыз, кәсіпкерлік қызметке арналған жеке арнайы шот (бизнес-шот) ашуыңыз міндеттеледі.

**Кәсіпкер һақы**

Жалпақ тілмен айтқанда, әр кәсіпкер өзіне ыңғайлы салық режимін өзі таңдай алады. Патент (салық мөлшерлемесі – 1%), жеңілдетілген декларация (салық мөлшері – 3%), бөлшек салық режимі (салық мөлшері – 4%). Сіз салық режимін e-Sales Business мобильді қосымшасы арқылы таңдай аласыз. Қосымша бағанында салық, сондай-ақ, әлеуметтік төлемдер автоматты түрде есептеліп төленеді.

Тағы бір кейс. Сіз мобильді аударымдарыңыз үшін тексеру амалына тап болдыңыз делік. Бірінші кезеңде (кәсіпкерлер үшін 2024 жыл) екі бағыт бойынша камералдық бақылау жүргізіледі. Салық органдарында қызметті тіркеу және кіріс көлемін төмендету. Қос бағыт та салық төлеушіге әлдебір тәртіп бұзушылықты өз бетінше жоюға мүмкіндік беруге арналады.

«Жаман айтпай, жақсы жоқ». Кәсіпкерлік қызмет шеңберінде жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген тұлға аударымдары анықталған жағдайда, оған дара кәсіпкер ретінде тіркелу қажеттілігі туралы хабарлама жолданады. Егер салық төлеуші бұған келіссе, ол тәртіп бұзушылықтың түріне байланысты кіріс мөлшерінің декларацияланбаған сомасын көрсете отырып, жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі иә болмаса, қосымша


Сурет ашық дереккөзден

декларация ұсынуы қажет. Шынтуайтында олай болмаса, онда ол растайтын құжаттарын қоса бере отырып, ешбір заң бұзушылықтың жоқтығы туралы түсініктеме беруге құқылы. Ондайда жазалау шарасы қолданылмайды. Әйтпесе, салықтық тексеру амалы тағайындалады. Егер жеке кәсіпкер кірісін төмендетсе, онда оның есепшоты бұғатталуы кәдік. Салық органдарында тіркеусіз кәсіпкерлік үшін жеке тұлғаға ӘҚБтК сәйкес 15-тен 100 АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Ал, кірісін жасыру әлдеқайда қымбат болады. Төленбеген салықтың 200 пайызы. Қайталанған жағдайда – 300 пайыз. Түбіртек ұсынбағаны үшін 15-тен 50 АЕК-ке дейін.

**Сарапшы пікірі**

Салық төлеушілер мен есепшілер қауымдастығының директоры, Қарағанды облысы бойынша «Атамекен» ӨКП өңірлік кеңесінің мүшесі Сара Жүнісова мәселеге қатысты өзінің дербес көзқарасын алға тартты. Салық төлеушілердің электронды есеп айырысуды қаламайтын бірнеше себебі бар. Бірінші мәселе – QR коды арқылы төлемдер үшін екінші деңгейдегі банктердің жоғары комиссиясы. Банк арқылы пост терминалдар 1-ден 3%-ға дейін, бұл сома жалпылай еселегенде қымбатқа шығатыны аян. Екінші себеп, көтерме жеткізушілер көбіне қолма-қол ақша төлеуді талап ететіндіктен кәсіпкерлер қолма-қол ақша алып, банктерге 1% комиссия төлеуі керек. Осы тұстан ыңғайсыздық туындайды. Банк комиссиясы – 2-ден 4%-ға дейін. Үшіншісі, егер сіз QR коды арқылы төлем жасасаңыз, терминал посты салық төлеушілерге салықтан өзге 5-10% комиссия төлеуі керек. Бұл да – қажетсіз шығын. Соңғысында кәсіпкер атаулы саналы түрде электронды аударымнан бойын аулақ салуға тырысады. Өйткені, қосымша құн салығы да – экономикалық тұрғыда ерікті тежейтін ноқта іспеттес дүние. 2022 жылы ҚҚС шегі 30 000 АЕК-тен 20 000 АЕК-ке дейін төмендегендіктен, нәтижесінде көптеген кәсіпкер айыппұл санкцияларына ұшырады. Бұл ретте кәсіпкерлерге есепке уақытылы қойылмаған және артық сомадан ҚҚС бойынша шекті кірісті асырғаны үшін 2-бап бойынша айыппұл төлеуге тура келді.

– Осының негізінде, кәсіпкерді қолдау тетігі мен тәсілін өзгерту қажет. Бірінші кезекте аталған проблемаларды жою қажет. Мысалы, QR кодын қолдану тұрғысын алалық. Дүниежүзінде банктік пост терминалдар мөлшерлемесі 2%-дан аспайды. Ал, біз дамыған елдерге қарағанда бірнеше есе, шамамен 5 есе көп төлеуге мәжбүр боламыз. Осыған байланысты, келесі мәселелерді шұғыл қарастыру қажет. Ұлттық Банкке QR коды бойынша жалпыға ортақ бірыңғай мөлшерлеме енгізу. ҚҚС бойынша шектен асқаны үшін айыппұлдың күшін жою туралы хабарландыру ауадай қажет дүние, – дейді Сара Әубәкірқызы.

**Түйін**

Бұқара халық дүкенге бас сұғып қалса, ондағылардың ақшалай төлем талап етуі заңды ма деген сұраққа тоқталсақ. Белгілі болғандай, мобильді аударымдардан бас тарту тұтынушылар құқығына нұқсан келтіріп қана қоймай, заңсыздық болатыны белгілі. Яғни, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңның нормалары банк картасымен, QR-төлеммен немесе қолма-қол ақшамен төлеу тәсілдерін көздейді. Кәсіпкердің төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдаудан бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік бірінші рет ескерту көзделген. Қайталап бұзған жағдайда – 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Айыппұл мөлшері Қазақстанның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 194-бабында көзделгенін кәміл түсінген абзал.

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Талдыда наубайхана ашылды

**Талды ауылында шағын наубайхана ашылды. Енді, ауыл тұрғындары шалғайдағы қала орталығына сабылмайды. Кәсіп иесі – Еркеш Түсіпқызы. Наубайхананың ашылу рәсіміне Талды селолық округінің әкімі Нұрлан Аманұлы қатысып, кәсіпкердің ісіне табыс тіледі.**

**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгінге дейін ауылдықтар нанды қаладан тасымалдайтын. Үстеме бағасы да арзан болмайтын. Сондықтан, осыдан екі ай бұрын Талды, Берекет, Байбала, Ақбауыр мен Ақшоқы, Аққияқ ауылдарына ортақ наубайхана ашуды жоспарлаған едік. Кәсіпкер Еркеш Түсіпқызына осы істі тапсырып, қолдан келер барлық көмегімізді бердік. Қарағандыдағы «Айсара» диірмені мен ауыл әкімдігінің келісімі бойынша арзан ұн алып тұруға келісілді. Демеушілік жасап отырған диірмен басшысы Бидәулет Балтабаев мырзаға мың рахмет, – деді Нұрлан Аманұлы.

Айта кетейік, қазіргі таңда наубайханада сұрыпты ұннан күніне 150-200 бөлке нан пісіріледі. Алдағы уақытта екінші пешті іске қосып, нан көлемін тәулігіне 400-ге жеткізу жүзеге асырылмақшы.



Бұдан бөлек, басқа да нан-тоқаш өнімдерін сатуды жоспарлап отыр. Жергілікті кәсіпкер жұрттың күнделікті сұранысын орындауға тырысады. Ауыл сұранысын өтей бастаған аядай ғана наубайхана тұтынушылардың көңілінен шығып тұр.

**Шет ауданы**

**Қоғамдық тыңдаулар**

2024 жылғы 01 ақпаннан 14 ақпанға дейінгі кезеңде БЭК сайтында https://ecoportal.kz «2024 жылғы 01 шілдеге және 2025 жылғы 01 шілдеге дейін» Сигарев «ФК Крещеновка алаңына (Осакаров ауданы) бекітілген су айдынында балық шаруашылығы қызметі мен ПДУ Биологиялық негіздемесі» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарлануда.

Бастамашысы: «Сигарев» ФҚ Мекен-жайы: 101009 Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Қарағайлы а/о, Крещеновка ауылы, Надречная к-сі, 3. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар тел: +77057656525. Жоба материалдарымен сайттан танысуға болады ecoportal.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Әзірлеуші: Теміртау қ. «Қазақстанның тірі табиғаты» ЖШС.

**Общественные слушания**

В период с 01 февраля по 14 февраля 2024 года на сайте ЕЭП https://ecoportal.kz планируется проведение общественных слушаний по проекту: «Биологическое обоснование рыбохозяйственной деятельности и ПДУ на 01 июля 2024 г. по 01 июля 2025 г. на водоеме, закрепленного за ФХ «Сигарев» пл. Крещеновка (Осакаровский район)».

Инициатор: ФХ «Сигарев» Адрес: 101009 Карагандинская область, Осакаровский район, с/о Карагайлы, с. Крещеновка ул. Надречная д.3. Контакты, по которым можно получить дополнительную информацию тел: +77057656525. Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz в разделе «Общественные слушания».

Разработчик: ТОО «Живая природа Казахстана» г. Темиртау.

№37

Қарағанды Е.Бөкетов университетінің Дене мәдениеті және спорт факультетінің ұжымы, Бастапқы әскери дайындық және жеке сайыс кафедрасының аға оқытушысы, Қырықбай Сәрсенбайұлы Мускуновтың ағасы

**Тлек Сәрсенбайұлы МУСКУНОВТЫҢ**

мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

№31

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# Сапалы білім – болашақ кепілі

**Ұстаздық жолда жүрген әр мұғалімнің басты мақсаты – оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру. Оқушылардың шығармашылық ізденістерін дамыту мақсатында PISA Халықаралық зерттеу бағдарламасының стратегияларын қолдану тиімділігін арттыруда гимназияда жұмыс жүрді. 50 оқушы оқу және математика сауаттылығы, жаратылыстану сауаттылығынан PISA тестін тапсырды.**

Мектеп деңгейін жақсарту және салыстыру мақсатында өткен PISA зерттеу тестінде гимназия оқушылары жақсы көрсеткіш көрсетті. PISA сауалнамасына қатысқан оқушыларға мектеп туралы бірнеше сұрақтар қойылды. Соның ішінде сабақ барысындағы тәртіптік ахуал туралы жинақталған мәліметтер де болды. PISA зерттеуінің нәтижелері қолайлы оқу ортасы әрқашан оқушылардың нәтижелерімен тығыз байланысты екенін зерделеп, саралап берді.

Сыныпта жақсы тәртіп, ал, оқушылар мен мұғалімдердің арасында өзара қолдауға негізделген достық қарым-қатынастар орнатылса, оқушылар нәтиже көрсетеді. Оқушылар PISA тапсырмаларын қолдана отырып, өз бетінше жұмыс жүргізуге, белсенді оқыту стратегиясын пайдаланып, функционалдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктері жоғары екенін, білімдерін өмірде қолдану дағдыларын дамытуға жол көрсететінін түсінді. Оқушылардың сабаққа қатысуын және мектепке көзқарасын зерттеу жұмыстарында олардың оқуға деген мотивациясы, өз күшіне сенімділігі, сонымен қатар, оқу процесіне, оқу ортасы және құрдастарымен қарым-қатынастары туралы көзқарастары жоғары нәтиже көрсеткені де мұғалімдер үшін үлкен жетістік.

Сондай-ақ, PISA зерттеу тестінде оқушыларға психологиялық қарым-қатынас туралы тапсырмалар берілді.

Білім мен тәрбиені оқушы бойына дарыта отырып, тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың бойындағы адамгершілік игі қасиеттерін көрсете алуда мұғалім еңбегі орасан.

**Гүлнара УАТАЕВА,**
**Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары**

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

# Мерекелік материалдық көмек

**Жыл сайын мереке күндері бірмезгілдік материалдық көмек көрсету Теміртау қаласында дәстүрге айналған. Биыл осындай жәрдем жасау жалғасып, азаматтардың жекелеген санаттарына тағы да әлеуметтік төлемдер беріледі.**


Сурет ашық дереккөзден

**Ержан ИМАШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Раушан Әдіханованың хабарлауынша, Ауғанстаннан кеңес әскерін шығару күніне орай 220 адамға 200 мың, Наурыз мейрамында 6780 мүгедекке 60 мың теңгеден, Ұлы Жеңіс мейрамында 1018 соғыс ардагері мен тыл еңбеккеріне жалпы 49 миллион 20 мың теңге, ал, Конституция күнінде 919 ардагерге 63 миллион 800 мың теңге берілетін көрінеді.

Тәуелсіздік күніне байланысты 75 жастан асқан 7100 зейнеткер үшін 142 миллион теңге, Халықаралық әйелдер күнінде 2700 көпбалалы анаға беруге 48 миллион 842 мың теңге қарастырылған. Сол сияқты тұрмыстық қиын жағдайға душар болған 414 адамға 38 миллион 227 мың теңге бөлу жоспарланған.

**ТЕМІРТАУ**

● ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

# Балқашқа жаңа автобустар келеді

**Балқаш қаласындағы шағын және тозығы жетіп, жұрттың наразылығын тудырған ескі қоғамдық көліктерді енді жаңа автобустар алмастырмақ. Жақында қалаға жаңа 29 автобус келеді. Бұл туралы «ОрталықТрансСервис» ЖШС бас директоры Рустам Исаев мәлімдеді.**



**Нұрдос КӘРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қала тұрғындары үшін өте қолайлы автобустар қатынайтын болады. Сыйымдылығы үлкен автобустар Балқаштың климатына сәйкес келеді. Отандық өнім. Біздің талабымызға сәйкес автобусты мейлінше жолаушыларға ыңғайлы етіп жасаған. Заманауи үлгідегі ұзындығы 10,5 метр болатын іші кең өте қолайлы. Сонымен қатар, қыс айларында автобус ішін жылыту үшін пештер саны көбейтілген. Балалы жолаушылар мен мүгедек адамдарға арнайы орындар бар. Олар басқа орындарға қарағанда ерекшеленіп тұрады. Жаз айларында қапырық ыстықты басатын кондиционері, камерасы бар, – дейді Рустам Исаев.

Айта кетейік, қазір қалаішілік жолаушыларды тасымалдауға 25 автобус жұмыс жасауда. Осы айдың соңына дейін қалаға жаңа қоғамдық көлік келеді деп жоспарланып отыр. Осылайша, жұртшылықтың жаппай наразылығын тудырған ескі көліктер мәселесі біржолата шешілмек.

**БАЛҚАШ**

**Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2023 жылғы 12 айдағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы**

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясымен мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 2023 жылғы 12 айдағы 12 аудиторлық іс-шарасы өткізілді.

Мемлекеттік аудитпен 102 661 224,9 мың теңге қаражат көлемімен 82 объекті қамтылды.

ҚР заңнамасының нормаларын бұзу 9 707 753,2 мың теңге мөлшерінде (аудитпен қамтылған қаражат сомасының 9,5% -ы). 6 409 856,8 мың теңге немесе белгіленген бұзушылықтар сомасының 66,0% қалпына келтіріліп, өтелуге тиіс болды, оның ішінде 5 506 748,0 мың теңге немесе 85,9% қалпына келтірілді және өтелді.

Өткізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша:

*аудит объектілеріне* – 11 аудиторлық қорытындысы және 35 нұсқамасы, 46 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

*мәслихаттарға* – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша 7 ұсынысы;

*әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға* – 288 аудит материалы, жалпы 15 678,3 мың теңге айыппұл сомасына 77 тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Тексеру комиссиясы ӘҚБтК-нің 234-1бабы және 462 бабының 3 бөлігі бойынша 5 әкімшілік материалы қозғалды, 5 адам жауапкершілікке тартылды. Әкімшілік айыппұлдар сомасы 453,7 мың теңгені құрады.

*құқық қорғау органдарына* – 5 аудит материалы, оның ішінде: 2-і бойынша – соттың айыптау үкімі шығарылды, 3і-қарауда.

● БІР ТУЫНДЫНЫҢ ТАРИХЫ

# Қарындашпен сызылған тағдыр

**Газетіміздің алдыңғы санында ҚарЛагта тұтқында болған Александр Чижевскийдің картиналарын жариялап, шығармашылығымен қабысқан автор тағдырын баяндаған едік. Енді сол Александр Чижевскиймен бірге ҚарЛагқа қамалған Александр Григорьев есімді суретшінің қылқаламынан туған портретті назарларыңызға ұсынып отырмыз. Портрет ҚарЛагта салынған.**



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Александр Чижевский мен Александр Григорьев ҚарЛагта отырған (А.Чижевский 1942 жылы тұтқындалған). Екеуі дос болған деседі. Александр Григорьев досының портретін де салған. Жоғарыда сол портрет. Соқпағы көп өмір жолдары табыстырған сырласының кескіндемесі облыстық бейнелеу өнері музейінде сақталған.

Александр Григорьев 1891 жылы Ресей федерациясының аумағындағы Марий өлкесінің Пертнур елдімекенінде дүниеге келген. Марий өлкесінде бейнелеу өнерінің қалыптасуына ықпал еткен өз халқының заңғар тұлғасы. Сталиндік репрессияның ушыққан кезінде, яғни, 1938 жылы тұтқындалып, Қарағандының іргесіндегі ҚарЛагқа қамалған. Сонда 8 жыл отырған.

Әлемдік деңгейде мойындалған қылқалам шебері. Картиналары Ресей, Ұлыбритания, Франция, Италия елдерінің музейлерінде сақталған.

Ал, облыстық бейнелеу өнері музейінде Александр Чижевскийдің портреті ғана сақталған. Басқа туындылары жоқ. Музей қызметкерлерінің айтуынша, бұл кескіндеме – қордағы ең құнды мұраның бірі.

– «Білгенге – маржан, білмеске – арзан» дейді Абай Құнанбайұлы. Рас, құнын білген адамға ең қымбат портрет. Бұл кескіндемені Гелиус қорын құрған Дмитрий Голованов тарту еткен еді. Ол –Александр Чижевскийдің есімін, мұрасын дәріптеуші болған. Әлбетте, түпнұсқасы емес. Бірақ, түпнұсқадан кем түспейді. Сапасы жоғары көшірме. Кескіндеменің салынған уақыты, жері жазылған.

Портретті кәдімгі қағазға түрлі түсті қарындаштармен салған. Лагерьде ешкім сізге сапалы қарындаш пен қалың қағазды әкеп бермейді. Осыған қарамастан Александр Григорьев қолда барымен өз досының келбетін айнытпай салған, – деді облыстық бейнелеу өнері музейінің ғылыми қызметкері Айгүл Омарова.

● САҒЫНЫШ

# Адам кейпіндегі ән

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қыр астынан шартабақ Күн енді көтеріліп, алтын тағында керіліп тұр еді. Ұялы телефоным шыр ете қалды. Әлгіні алаңсыз құлағыма тостым. «Сейіл ағаңнан айырылып қалдық» деді телефоннан бір дауыс. Сол сәтте дүние төңкеріліп түскендей тұңжыр күй кештім. Өксіп жыладым. Неге екенін білмеймін, жарық жалғаннан ең бір жақын адамым көшкендей өксігімді тоқтата алсамшы. Еңірегенім сонша, арғы бөлмеде отырған шешем жетіп келіп: «Не болып қалды, тыныштық па?», – деді аң-таң болып. Ана жүрегі ұлының кеудесі неге қарс айрылғанын ұға алмай дал. Мен ештеңе де дей алмадым. Түсінсем, айтар едім-ау! Түсінбедім. Содан бері, міне, бір жыл өтіпті.

Сейіл ағамен алғаш студент шағымда кездесіппін. I курстағы бозбаламын ол уақытта. Дәлізде өнердегі бауырларымен қауқылдасып тұрған Сейіл әншіге келіп: «Сізбен суретке түсейінші» дедім. Ол кезде «Жас қаламды» сүйіп тыңдап жүр едім. Көз алдымда Сейіл Аяған емес, адам кейпіндегі ән тұрғандай күй кештім! «Жас қаламмен» тілдескендей болдым! Көзінен мейірім, жылу есіп тұрған Сейіл ағам «Ой, айналайын, келе ғой!» деп бауырына басты. Құшағы, алақаны сондай жылы. Әңгімесі үзбейін деген оймен, әріге бардым. «Айналайын!» Сол сәттен бастап, осы бір тылсым сөз бала кеудемді майда самал боп кезіп кетіпті. Албыртпықпен мұңы да аңдамаған екенмін.

Содан кейін талай әдеби кештерде, той-думанда ұшырасып қалып жүрдік. Кездескенде аңқылдап сәлем беремін. «Айналайын!» дейді. Болжамға көнбейтін өмірдің айқыш-ұйқыш жолдарында кездесіп қалатынымыз болмаса, іні боп соңынан ерген емеспін. Биіктігіне алыстан ғана қарап таңданатынмын.

«Қасыңызда жүрейін» десем, кеудемнен итермейді ғой. Бірақ, ол кезде «тірі ақынды», «тірі жұлдызды» алыстан көргеніме де қуанатын бозбаламын ғой мен... Сейіл Аяғанның маңында қазақтың небір айдарлы ұлдары көп еді. Өйткені, Ол – Халықтың Сейілі!

Сейіл ағам жұмыр жүрегімнің төріне көшіп алған екен. Тілдеспей-ақ, қасында жүріп-ақ жақсы Адамға бауыр басыппын. Қаралы хабар жеткенде ғана аяулы ағама деген сағыныш өрті лаулап шыға келді. Алау өзегімді күйдірді, өксітті.

Неге өксігенімді Сейіл ағасыз өткен бір жылда енді жете түсінгендеймін. Мен емес, жүрегім жылапты. Ал, темірдей сұп-суық ақыл жүректің сол қылығын түсіне алмай абдыраған. Кейіннен екеуі бір-бірін ұқты. Ұғынды. Мендік жүрек адамды алаламайтын, мейірім мен махаббат аңқыған алып жүректі ажалға қимапты. «Айналайынына» мейірі қанбапты. Сейіл Аяғанның жүрегі – пенделіктен аса жоғары, дүниенің кір-қоңы жұқпаған, қасиетті әннің өзі аялаған саф таза жүрек.

Ағамды соңғы сапарға шығарып салғанда, қазақ даласының сан тарабынан келген жұрттың жылағанын, зар илегенін көрдім. Олардың көзі емес, жүрегі жылады. Бұл – шүбәсіз...

● ДӘСТҮР

# Ткачук неге таң қалды?

**Қазақ баласы алыс жолға немесе іс бастамақ болса, қой сойып, Құран оқытқан. Бұл – ежелден ел салты. Алайда, бүгінде бұл үрдістер кенжелеп, көптің көзіне қораштау көрінетін секілді. Ойын алдында сойылған қойды көріп, таңырқаған украиндік Евгений Ткачук осындай таңданасын әлеуметтік желіде бөлісті.**

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Евгений Ткачук павлодарлық «Ертіс» пен қарағандылық «Шахтердің» бұрыңғы қорғаушысы.

– Қазақ дәстүрінде адам таңданатын біршама тұстары бар екені жасырын емес. Алайда, оның бәрінде мағына бар көрінеді. Байыры ұлттардың бәрінде өздеріне тән салт-ғұрыптары бар. Ал, осы бір қазақы салт мені ойлантып тастады. Аяқдоп маусымы ашылғаннан бастап, барлық команда ойын алдында қой әкеп, құрбандыққа шалды. Кейінде менің де қызығушылығым туып, сұрастырғанымда, құрбандық ойында жолымыз болуына, сәттілік серік болуға арналған екен, – деп жазды футболшы.

● БОКС

## Бір алтын, бір күміс

**Бұған дейін Сербиядағы Ұлт кубогына арналған халықаралық бокс турнирінде жерлестеріміздің екі қола медальға ие болғанын жазған едік. Енді қос қарағандылық спортшының аталған турнирде бір алтын, күміс жеңіп алғаны туралы сүйінші хабар келді.**

Шахтинск қаласында тұратын апалы-сіңілілі Аяулым мен Камила Оспановалар алтын және күміс медаль еншілеп, мерейімізді тасытты.

Аяулым – 13, Камила – 15-те. Екеуі де бірқатар белесті бағындырған. Самборда Аяулым Румыния, Босния-Герцеговина, Сербияның спортшыларын жеңсе, Камила Ресей, Словакия, Хорватия спортшыларымен жекпе-жек өткізіпті.

– Бірінші жаттықтырушымыз – Рамазан Мизамбаев. Әлі күнге дейін оның әдістемесімен Шахтинскідегі «Тентек» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жаттығамыз. Жеңісіміз – жақсы дайындықтың нәтижесі. Қыздар бассейнге де барады, барлығына мүмкіндік жасалған, – дейді спортшылардың әкесі әрі жаттықтырушысы Жеңіс Оспанов.



● ФУТБОЛ

## Түркияға аттанады

**«Шахтер» футбол клубының Түркиядағы алғашқы оқу-жаттығу жынын өткізетін күні белгіленді. Команда 26 қаңтарда түрік еліне аттанбақ.**

Қазіргі уақытта команда алдағы маусымға дайындықты Қарағандыда жалғастырып жатыр.

Тағы бір айта кетерлігі, осы маусым алдындағы оқу-жаттығуда «Шахтер» клубы бірқатар сынақ матчтарын өткізуді жоспарлап отыр.

● ХОККЕЙ

## Айласын асыра алмады

**Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы тұрақты чемпионаттағы жолын сәтті жалғастыруда. Кезекті ойынды Ташкент қаласында «Хумо» командасымен өткізіп, есе жіберді.**

Ойын тартысты өтті. Командалар кезек-кезек шабуыл жасап, чемпионат кестесіндегі орнын сақтап қалуға тырысты.

Алғашқы екі кезеңде есеп ашылмады. Қарсыластар шешуші кезеңде жерлестеріміздің қақпасына қарағанан екі шайба тоғытып, үш ұпай еншіледі. «Хумо» ойыншысы Иван Фищенко дубль авторы атанды.

Десе де, «Сарыарқа» тұрақты чемпионат кестесіндегі алтыншы орнын сақтап қалды. Енді үздік сегізідке қалып, кубокқа таласу үшін алдағы ойындарда есе жібермеуге күш салуы тиіс.



Дайындаған
*Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,*
«Ortalyq Qazaqstan»

● БӘРЕКЕЛДІ!

# Жерлестеріміз – Ұлттық құрамада

**Қарағандылық төрт спортшы әлемдік аренада Қазақстанның намысын қорғайды. Ағайынды Құраловтар мен апалы-сіңілі Макаровалар Ұлттық құраманың сапынан ойып тұрып орын алды. Олар мұндай мәртебеге Дубайда өткен халықаралық жарыстарда топ жарғаны үшін ие болды.**

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»




Дубайда Азия кубогі үшін өткен байрақты бәсекеге құрлықтың кіл мықтылары қатысты. Атап айтсақ, семсерлесуден үздік атанып жүрген Өзбекстанның, Сауд Арабиясының және Үндістанның, Біріккен Араб Әмірліктерінің жасөспірімдері жүлдеге талас жүргізді. Қазақстан командасының сапындағы 17 жастағы Ермек Құралов пен 14 жастағы Ерканат Құралов және 16 жастағы Кристина Макарова мен 14 жастағы Дарья Макарова күміс медальді қанжығалады. Олар – Қарағандыдағы «Жалын» спорт мектебінің шәкірттері.

Ермек Құралов осы спорт түрімен 7 жыл, ал, інісі Ерқанат Құралов 5 жыл бойы айналысып келеді екен. Кристина мен Дарья Макарова болса, 7 жыл.

Жас дарындардың бапкері – семсерлесуден облыстың аға жаттықтырушысы Виктор Егоров. Ол шәкірттерінің қарым-қабілетіне, бабына сенгенін айтады. Өйткені, төртеуі де спортқа жан-тәнімен берілген. Әр жаттығуға ерекше ықыласпен, құлшыныспен келеді екен. Дарындары мен талаптары ұштасқан дейді бапкер.

– Бұл жарыстар Бахрейндегі Азия чемпионатына және Сауд Арабиясындағы жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Әлем біріншілігінде Қазақстанның намысын қорғайтын Ұлттық құраманы қалыптастыруда шешуші бәсеке болды. Біздің балалар осы жарыстарда өздерін жоғары деңгейде көрсетті. Ұлттық команда сапында жүруге әбден лайықты екендерін дәлелдеді. Астана мен Алматыда өткен іріктеу кезеңдерінен сүрінбеді. Қазақстанның басқа облыстарынан келген бәсекелестерінен озық шықты. Командаға төрт қарағандылық қабылданды. Бұл – Қарағанды спортының мерейі. Жұртқа мықты екенімізді көрсеттік. Енді сенімді ақтау қажет. Байрақты бәсекелерде топ жару – негізгі міндет. Жатсақ та, тұрсақ та, ойымызда – осы міндет, – деді Виктор Егоров.

Облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасының ресми дерегіне сүйенсек, спортшылар әлі Қазақстанға оралған жоқ. Олар ақпан айында өтетін Азия чемпионатына дайындықты бастау үшін бірден Ұлттық құраманың жаттығу жиынына бармақ.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 416

№ 10 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.
**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**